Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 1 ден – 17 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КОӨЖ (1 сағ)

Тапсырма: Семинарлық сабақ сұрақтарын қарастыру негізінде қылмыстық құқықтың қағидалары жайлы және міндетінен хабардар болу және жеке өз ойын білдіру. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дамытуда және тұрақтандыруда мәселелерге талдау жасау.

Талданған сұрақтар бойынша өз көзқарасы болу және осы мәселе бойынша қылмыстық құқық теориясында заңгер ғалымдардың көзқарасын жинақтау.

Шешуі:

1. Шульгин Ресей Федерациясында зорлау қылмысы үшін сотталып, жазасын өтегеннен кейін Қазақстан Республикасына келіп, тағы да сондай

қылмысқа барады. Қазақстан Республикасының алдын ала тергеу органдары Шульгиннің іс-әрекетін ҚР ҚК 120-бабы 2-бөл. 4) тармағы бойынша саралайды.

Қылмыстық-құқықтық тұрғыдан бағалаңыздар.

Талқылауға басқа да нұсқаларды құрастырыңыз.

2. Қырғызстан азаматы Мукалиев, Астана-Алматы поездімен келе жатып, Шу станциясында бөтен біреудің мүлкін жасырын ұрлайды. Сол үшін ол ҚР ҚК 188-бабымен жауаптылыққа тартылды. Кассациялық шағымында ол Қырғызстан Республикасының заңдарына сай жауаптылыққа тартылуын сұрады, себебі ол сол елдің азаматы және сол елде тұрақты тұратындығын алға тартты.

Мукалиевтың жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіздер.

Басқа да нұсқаларды қарастырып, талқылаңыздар.

3. Каверин «Қарлығаш» туристік фирмасының менеджері болғандықтан шетелге жұмыс бабындағы тапсырмасымен іс-сапарға жіберілді. Автобуспен Германияға бара жатқан жолда ол Ресей аумағында бұзақылық қылмысын жасайды.

Қылмыстық заңды аумақтық бойынша қолдану қалай шешіледі?

Талқылауға басқа да нұсқаларды құрастырыңыз.

ТООЖ өткізу нысаны: Қарастырылған сұрақтарды талқыға салу, есептерді шешу.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 1 ден – 17 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КӨЖ (3 сағ)

Тапсырма:

1. Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығының ұғымы, міндеті және қағидалары. Қылмыстық құқық ғылымының заты және әдістемесі. Қылмыстық құқық курсының жүйесі. Қылмыстық заң түсінігі және оның мәні. Әрекеттегі қылмыстық заңнама.

2. ҚР «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңы, 1998 ж. 24 наурыз (17.10.2001 ж., 6.03.2002 ж., 12.03.2004 ж., 16.06.04 ж., 21.10.05 ж 31.01.2006 ж. өзг.). ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ. ҚР «ҚР мемлекеттік шекарасы туралы» Заңы, 1993 ж. 13 қаңтар (15.07.96 ж., 10.07.2002 ж 20.12.2004 ж. өзг.). ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ. ҚР «Азаматтық туралы» Заңы, 1991 ж. 20 желтоқсан (3.05.95 ж., 17.05.2002 ж., 04.10.2004 ж., 20.12.2004 ж. өзг.). ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ оқу.

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Қылмыстық құқық курсының жүйесі.

2. Қылмыстық заң нормаларының құрылымы.

3. Қылмыстық заңның уақыт бойынша және кеңістікте қолданылуы.

Қылмыстық заңның кері күші.

Реферат тақырыптары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылықты жіктеу және оның мәні.
2. Қылмыстық құқық курсының жүйесі.
3. Қылмыстық заңның түсінігі және оның мәні. Әрекеттегі қылмыстық заңнама.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 1 ден – 17 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

2- тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы.

Дәріс жоспары (1 сағ):

1. Қылмыстың және қылмыстық теріс қылықтың ұғымы және әлеуметтік мәні.
2. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық анықтамасы (қылмыс және қылмыстық теріс қылық). Қылмыс белгілері.
3. Қылмыстың санаттары және оның мәні.
4. Қылмыстың әкімшілік, азаматтық және тәртіптік қылықтардан айырмашылығы.

Дәріс тезисі:

Қылмыстың ұғымы және әлеуметтік мәні. Қылмыс деп танылатын қылық шеңберінің тарихи өзгермелі сипаттамасы. ҚР қылмыстық заңнамасының жетілдірумен байланысты қоғамдық қауіпті әрекеттерді қылмыстандыру және қылмыссыздандыру.

Қылмыстың формальдық анықтамасы. Қылмыстың белгілері.

Қылмыстың басқа құқық бұзушылықтан және теріс қылықтардан айырмашылығы.

Қылмыстарды топтастыру және оның мәні. ҚР құқық қорғау органдарының қылмыстарды топтастыруда және оларға ресми түрде мән берудегі бірігіп әрекет жасауы.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 18 ден – 32 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

Семинарлық сабақ жоспары (1 сағ)

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасы бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтың ұғымы (қылмыстық теріс қылық және қылмыс).
2. Қылмыстық теріс қылықтың анықтамасы және оның қылмыстан айырмашылығы.
3. Қылмыстық құқықтағы қылмыстың анықтамасы.
4. Қылмыстың санаттары және оның мәні.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 18 ден – 32 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КОӨЖ (1 сағ)

Тапсырма: Семинарлық сабақ сұрақтарын қарастыру негізінде қылмыстық құқықтың қағидалары жайлы және міндетінен хабардар болу және жеке өз ойын білдіру. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дамытуда және тұрақтандыруда мәселелерге талдау жасау.

Талданған сұрақтар бойынша өз көзқарасы болу және осы мәселе бойынша қылмыстық құқық теориясында заңгер ғалымдардың көзқарасын жинақтау.

Шешуі:

1. 15 жасар Сидоров пен 14 жасар Макаренко Земскойдың сарайына заңсыз кіріп, онда сақталған компотты ішкен. Сарайдың иесі Земской екеуін ұстап алып полиция бөліміне әкеліп, оларға арыз жазған.

Сидоровтың пен Макаренконың жасалған іс-әрекеттерінде қылмыстың құрамы бар ма? Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіздер.

2. Мас күйінде жүк машинаны өте жылдам жүргізіп келе жатқан Иванов жылдамдықты асыру себебінен қыз баланы қағып кетеді. Қыз баланың денсаулығына ауыр дәрежедегі зиян келеді. Көп уақыт өтпей қыз бала оқиға болған жерде көз жұмады.

Ивановтың іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар ма?

Қылмыс белгілері болса қай санатқа жатқызамыз?

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіздер.

3. Пашкова жұмысына кетер алдында өз пәтершісі Гитаренконы балаларына қарай тұруын сұрайды. Кейінірек Гитаренкоға жолдастары келіп, олар бірге қосылып ішімдік ішкен. Жолдастары кеткеннен кейін Гитаренко ұйықтауға жатқан. Гитаренко шеккен шылымын сөндіргендіктен өрт басталады. Өрттен пәтердегі төсек, стол, теледидар, киімдер және басқа Пашкованың жеке дүниесі және Гитаренконың да жарты мүлкі жанып кетеді.

Гитаренконың әрекетін қылмыстық құқық бұзушылыққа жатқызуға болады ма?

Қылмыстық теріс қылық пен қылмысқа түсінік беріңіз?

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіздер.

КОӨЖ өткізу нысаны: Қарастырылған сұрақтарды талқыға салу, есептерді шешу.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 18 ден – 32 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

Тапсырма:

1. Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығы бойынша қылмыстық құқық бұзушылық анықтамасы (қылмыстық теріс қылық және қылмыс). Қылмыс белгілері. Қылмыс құрамының белгілері және элементтері. Қылмыстың ұғымы және оның әлеуметтік мәні.

2. Қылмыстың әкімшілік, азаматтық және тәртіптік қылықтардан айырмашылығы.

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Қылмыс ұғымы. Қылмыс белгілері.

2. Қылмысты жіктеу және оның мәні.

3. Қылмыстың әкімшілік, азаматтық және тәртіптік қылықтардан айырмашылығы.

Реферат тақырыбы:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық: ұғымы, белгілері және әлеуметтік мәні.

2. Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығы бойынша қылмыстық құқық бұзушылық анықтамасы (қылмыстық теріс қылық және қылмыс).

3. Қылмыстың басқа құқық бұзушылықтардан айырмашылығы.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 18 ден – 32 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

3-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы. Қылмыстық жауаптылық және оның негізі.

Дәріс жоспары (1 сағ):

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының ұғымы және мәні.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері мен белгілері.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түрлері.

4. Қылмыстық жауаптылықтың ұғымы және оның негізі. Қылмыстық-құқықтық қатынастар. Қылмыстық құқылық қатынастардың басталуы, жүзеге асырылуы және тоқтатылуы. Қылмыстық жауаптылық және жаза.

5. Қылмыстық жауаптылық түрлері.

Дәріс тезисі:

Қылмыстық құқықтағы қылмыс құрамының ұғымы. Қылмыс пен қылмыс құрамының ара қатынасы. Қылмыс пен қылмыс құрамының элементтері мен белгілері. Құрамның түрлері.

Қылмыс құрамының барлық элементтерімен қылмыс құрамының белгілерін нақты анықтаудың мәні. Қылмыстың құрамы ҚР ІІМ ІО қылмыстық құқылық қызметіндегі заңдылық негіз ретінде.

Қылмыстық жауаптылықтың ұғымы және оның мазмұны. Занды жауаптылық.

Қылмыстық жауаптылық заңды жауаптылықтың бір түрі ретінде, және қылмыстық құқылық қатынастар.

Қылмыстық жауаптылықтың басталуы, жүзеге асырылуы және тоқтатылуы. Қылмыстық жауаптылық және жаза. Сотталғандық.

Қылмыстық жауаптылықтың негізі /нақтылы, заңды, әлеуметтік, психологиялық/.

Қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың ұғымы, нысаны және кезеңдері. Қылмыстық жауапкершіліктің мақсаты мен тиімділігі.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 33 ден – ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

Семинарлық сабақ жоспары (1 сағ)

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының ұғымы және мәні.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері мен белгілері.

3. Қылмыстық жауаптылықтың ұғымы және оның негізі. Қылмыстық-құқықтық қатынастар.

4. Қылмыстық жауаптылық және жаза. Қылмыстық жауаптылық түрлері.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 29 ден – 38 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КОӨЖ (1 сағ)

Тапсырма: Семинарлық сабақ сұрақтарын қарастыру негізінде қылмыстық құқықтың қағидалары жайлы және міндетінен хабардар болу және жеке өз ойын білдіру. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дамытуда және тұрақтандыруда мәселелерге талдау жасау.

Талданған сұрақтар бойынша өз көзқарасы болу және осы мәселе бойынша қылмыстық құқық теориясында заңгер ғалымдардың көзқарасын жинақтау.

Шешуі:

1. Күзет» жеке оқранасының күзетшілері Мохин және Панкин қалалық емханасын күзетіп жүреді. Олар түнгі кезекшіліктің бірінде емхананы қарау жүргізу барысында қызметтік есікті ашпақшы болып жатқан ер азаматты көреді. Содан екеуі жанағы жігітті ұрып –соғады. Нәтижесінде орташа ауырлықтағы зиян келеді. Ол ер азамат мас Петренко болып шығады, және ол емхананың қызметтік есігін өзінің подъезінің есігімен шатаسقаны анықталады.

1.Мохин мен Панкиннің іс әрекеттері қылмыстық құқық бұзушылыққа жатады ма?

2. Қылмыс санаттарын атаңыз?

2. Жайдарова ОӘД-нің (ЦУМ) сыпырушысы болып жұмыс істеп жүріп, 11 000 теңге тұратын костюм ұрлап алған. Өз мінез-құлқын түсініп, ол бір күннен кейін сатушыға костюмді әкеліп береді. Сатушы қалалық ІІБ ұрлық бойынша арыз жазып жауаптылыққа тартуды сұрайды.

1. Жайдарованы қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз бар ма?

2. Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіздер.

1. Түнгі уақытта жедел жәрдем Макаров деген азаматты ішінің оң жақ бөлігінің қатты ауыруымен ауруханаға әкеледі. Дәрігер Сидоров оны қарағаннан кейін «соқыршек» деп диагноз қояды. Содан кейін операцияға кіріседі. Операцияны жасап жатқанда Макаров қайтыс болады. Мәйітті ашып қараған кезінде диагнозы дұрыс қойылмағаны анықталады.

1. Сидоровтың әрекеті қылмыс болып табылады ма ?

2. Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіздер.

КООЖ өткізу нысаны: Қарастырылған сұрақтарды талқыға салу, есептерді шешу.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 29 дан – 38 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КӨЖ (3 сағат)

Тапсырма:

1. Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түсінігі және мәні.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түрлері. Қылмыс түсінігі мен қылмыстық құқық бұзушылық құрамы түсінігінің арақатынасы.

3. Қылмыстық жауаптылық ұғымы және оның негізі.

4. Қылмыстық жауаптылық түрлері.

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түрлері. Қылмыс түсінігі мен қылмыстық құқық бұзушылық құрамы түсінігінің арақатынасы.

2. Қылмыстық жауаптылық ұғымы және оның негізі.

3. Қылмыстық-құқықтық қатынас.

Реферат тақырыптары:

1. Қылмыстық-құқықтық қатынас.

2. Қылмыстық құқықтық қатынастың басталуы, жүзеге асырылуы, қысқартылуы. Қылмыстық жауаптылық және жаза.

3. Қылмыстық жауаптылық түрлері.

4. Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түсінігі және мәні.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 29 дан – 38 ге дейін;

қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

4-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі.

Дәріс жоспары (1 сағ):

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің ұғымы және мәні.
2. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түрлері.

Дәріс тезисі:

Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің ұғымы. Қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтаудағы объектінің маңызы.

Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түрлері: жалпы, топтық және тікелей.

Көп объектілі қылмыстық құқық бұзушылықтар. Негізгі, қосымша және факультативті объектілер.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың заты және оның қылмыстық құқық бұзушылықты саралаудағы мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтың тікелей объектісі мен затының ара-қатынасы.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 29 дан – 38 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

Семинарлық сабақ жоспары (1 сағ)

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің ұғымы және мәні.
2. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түрлері.
3. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің қылмыстық құқық бұзушылық затынан айырмашылығы.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 39 дан – 64 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КОӨЖ (1 сағ)

Тапсырма: Семинарлық сабақ сұрақтарын қарастыру негізінде қылмыстық құқықтың қағидалары жайлы және міндетінен хабардар болу және жеке өз ойын білдіру. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дамытуда және тұрақтандыруда мәселелерге талдау жасау.

Талданған сұрақтар бойынша өз көзқарасы болу және осы мәселе бойынша қылмыстық құқық теориясында заңгер ғалымдардың көзқарасын жинақтау.

Шешуі:

1. Лавринович біреудің ашық тұрған пәтеріне кіріп кетеді де, сол пәтердегі әйелді пышақпен қорқытып 52 000 теңгенің мүлкін /алтын бұйымдары мен киімдерін/ иеленген. Жүргізілген шаралар нәтижесінде ол ұрланған заттарды сатайын деп жатқанда ұсталады.

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісін анықтаңыз.

2. Негізгі тікелей объектінің қосымша және факультативті объектіден айырмашылығы неде?

3. Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

2. Думанов мас күйінде «Кеншілер» мәдениет сарайы жанында төбелес бастап Ивановты ұрып-соққан. Ивановтың киімдерін жыртып, пышағымен басқа да азаматтарға үрей тудырып, оқушылардың көзінше балағат сөздерімен айқайлайды. Полицей Үметов келіп оның әрекеттерін тоқтату кезінде Думанов оған қарсылық көрсетіп қол жұмсайды.

1. Думановтың әрекеттерін қылмыстық құқық бұзушылыққа жатқызуға болады ма?

2. Егер болса қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісін анықтаңыз.

3. Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

3. Алимовтан өш алмақ болған Сизов оны үйінің жанында күтіп тұрып қолдан жасалған тапаншадан атады. Артынан өлген кісі Алимов емес, Басов деген азамат екендігі анықталады. Сизов қателеседі.

1. Сизов жасаған қылмыстың объектісіне сараптама жасаңыз.

2. Осы жағдайдағы жауаптылықта объектіге қол сұғушылық қателігі ықпал етеді ме?

3. Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

КӨЖ өткізу нысаны: Қарастырылған сұрақтарды талқыға салу, есептерді шешу.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 39 дан – 64 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КӨЖ (3 сағат)

Тапсырма:

1. ҚР ҚК-нен материалды, формальды және келте қылмыс құрамы үшін жауаптылық қарастыратын 1-2 бапты қарап көшіріп алу

2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінен қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылығы тек қана әрекет арқылы және әрекетсіздік арқылы қарастыратын 1-2 бапты дәптерге көшіріп жазу.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы белгілерінің ішінде қылмыстық құқық бұзушылық орны, уақыты және тәсілін қарастыратын 1-2 бапты қарау.

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің ұғымы және маңызы.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түрлері.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінен қылмыстық құқық

бұзушылық затының айырмашылығы.

Реферат тақырыптары:

1. Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің ұғымы және маңызы.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түрлері.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінен қылмыстық құқық бұзушылық затының айырмашылығы.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 39 дан – 64 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

5-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы

Дәріс жоспары (1 сағ):

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының ұғымы және мәні. Объективтік жағының белгілері.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағының негізгі белгілері: Қоғамға қауіпті әрекет, қоғамға қауіпті зардап, себепті байланыс.

3. Объективтік жағының факультативті белгілері: қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу орны, уақыты, жағдайы, құралы, қаруы және әдісі.

Дәріс тезисі:

Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының ұғымы және мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағын мінездейтін қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері.

Қоғамға қауіпті іс-әрекет/әрекет немесе әрекетсіздік/ объективтік жағының міндетті белгісі ретінде. Қылмыстық-құқылық әрекетсіздіктің ерекшеліктері және ол үшін жауапкершілік.

Іс-әрекет және әрекетсіздік және олардан туындайтын қоғамға қауіпті зардаптың арасындағы себепті байланыс. Қылмыстық жауапкершіліктегі себепті байланыстың мәні.

Қоғамға қауіпті зардап және оның түрлері. Материалдық, формальдық және қысқартылған құрамды қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Объективтік жағының факультативті белгілері /қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу орны, уақыты, жағдайы, құралы, қаруы және әдісі/.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 29 дан – 38 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

Семинарлық сабақ жоспары (1 сағ)

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының ұғымы және мәні. Объективтік жағының белгілері.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағының негізгі белгілері: Қоғамға қауіпті әрекет, қоғамға қауіпті зардап, себепті байланыс.

3. Объективтік жағының факультативті белгілері: қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу орны, уақыты, жағдайы, құралы, қаруы және әдісі.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 39 дан – 64 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КООЖ (1 сағ)

Тапсырма: Семинарлық сабақ сұрақтарын қарастыру негізінде қылмыстық құқықтың қағидалары жайлы және міндетінен хабардар болу және жеке өз ойын білдіру. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дамытуда және тұрақтандыруда мәселелерге талдау жасау.

Талданған сұрақтар бойынша өз көзқарасы болу және осы мәселе бойынша қылмыстық құқық теориясында заңгер ғалымдардың көзқарасын жинақтау.

Шешуі:

1. Жүргізуші Смаилов жол жүру ережесін бұзады, соның салдарынан азаматша Асланованың денсаулығына абайсызда ауыр жарақат келтіріледі. Смаилов азаматша Аслановаға көмек көрсетпей, оқиға болған жерден ізін жасырады. Осы кезде сол жерден өтіп бара жатқан басқа жүргізуші Петровта, Асланованың көмек сұрауына қарамастан оған жәрдемдеспей кете береді.

1. Әрекеттің объективтік жағына сипаттама беріңіз. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағындағы әрекетсіздік дегеніміз не?

2. Смаиловты қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз бар ма?

3. Талқылауға варианттар құрыңдар.

КООЖ өткізу нысаны: Қарастырылған сұрақтарды талқыға салу, есептерді шешу.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 39 дан – 64 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КӨЖ (3 сағат)

Тапсырма:

1. ҚР ҚК-нен материалды, формальды және келте қылмыс құрамы үшін жауаптылық қарастыратын 1-2 бапты қарап көшіріп алу

2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінен қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылығы тек қана әрекет арқылы және әрекетсіздік арқылы қарастыратын 1-2 бапты дәптерге көшіріп жазу.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы белгілерінің ішінде қылмыстық құқық бұзушылық орны, уақыты және тәсілін қарастыратын 1-2 бапты қарау.

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағының ұғымы және маңызы.

2. Объективтік жағының белгілері.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағының негізгі

белгілері: қоғамға қауіпті әрекет, қоғамға қауіпті зардап, себепті-тергеу байланыс.

Реферат тақырыптары:

1. Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағының ұғымы және маңызы.

2. Объективтік жағының белгілері.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағының негізгі белгілері: қоғамға қауіпті әрекет, қоғамға қауіпті зардап, себепті-тергеу байланыс.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 39 дан – 64 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

6-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі

Дәріс жоспары (1 сағ):

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің ұғымы және белгілері.

2. Есі дұрыстық қылмыстық жауаптылықтың міндетті шарты ретінде. Шектеулі есі дұрыстық. Мас күйінде қылмыс жасаған адамның қылмыстық құқық бұзушылық жауаптылығы.

3. Жас - қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің белгісі ретінде. Кәмелетке толмағандардың жауаптылығы.

4. Қылмыстық құқық бұзушылықтың арнайы субъектісі.

Дәріс тезисі:

Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісінің ұғымы және белгілері. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі және қылмыскердің тұлғасы. Қылмыскердің тұлғасының қылмыстық-құқықтық мәні.

Қылмыстық жауаптылық басталатын жас. Кәмелетке жасы толмағандармен жасалатын қылмыстардың ерекшеліктері.

Есі дұрыстық қылмыстық жауаптылықтың міндетті шарты ретінде. Есі дұрыс еместіктің ұғымы және оның өлшемі. Есінің дұрыстығы шектелген. Есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасы бұзылуының қылмыстық жауаптылыққа әсері. Мас күйінде қылмыс жасаудың қылмыстық жауаптылыққа әсері.

Арнайы субъектінің ұғымы. Арнайы субъектінің түрлері. Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығының мәселелері.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 39 дан – 64 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

Семинарлық сабақ жоспары (1 сағ)

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің ұғымы және белгілері.
2. Есі дұрыстық қылмыстық жауаптылықтың міндетті шарты ретінде. Шектеулі есі дурыстық.
3. Мас күйінде қылмыс жасаған адамның қылмыстық құқық бұзушылық жауаптылығы.
4. Жас - қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің белгісі ретінде.
5. Қылмыстық құқық бұзушылықтың арнайы субъектісі.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 65 тен – 81 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КОӨЖ (1 сағ)

Тапсырма: Семинарлық сабақ сұрақтарын қарастыру негізінде қылмыстық құқықтың қағидалары жайлы және міндетінен хабардар болу және жеке өз ойын білдіру. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дамытуда және тұрақтандыруда мәселелерге талдау жасау.

Талданған сұрақтар бойынша өз көзқарасы болу және осы мәселе бойынша қылмыстық құқық теориясында заңгер ғалымдардың көзқарасын жинақтау.

Шешуі:

1. 15 жасар Попов, азамат Саматовтың иелігіндегі “Ауди- 100” маркалы автокөлігін ұрлау мақсатынсыз оны айдап кетеді (угон). Түнгі сағат 23. 00-де Попов автокөлікті қала сыртына тастап кетеді. Келесі күні таңертең 13 жасар Карасов және Сыздықов Поповтың тастап кеткен автокөлігінен екі камера, насос және жөндеу құрал саймандарын ұрлап алған.

Осы адамдардың жауаптылықтарын шешіңіздер.

ҚР ҚК бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісіне анықтама беріңіздер.

2. Гереев мас күйінде болып, ұрыс кезінде Сметовтың басынан орындықпен бірнеше рет ұрып оны өлтіргені үшін айып тағылған. Іс жүргізген кезде тергеуші полиция капитаны Маратов Гереевтің есінің дұрыстығын анықтау үшін оны стационарлық соттық-психиатриялық сараптамаға жібереді. Сараптаманың шешімі бойынша Гереев Сметовты өлтірген уақытында дені сау, есі дұрыс болған деп анықтайды. Бірақ қылмыстық жауаптылыққа тартқаннан кейін, Гереевтің психикасы уақытша бұзылғаны және ол өз әрекетін ұғына алмайтыны және ие бола алмайтыны анықталған.

Гереевтің есі дұрыс емес деп айтуға болады ма?

Гереевті қылмыстық жауаптылыққа тартуға болады ма?

Оған қандай шараларды қолдануға болады?

3. 17-жасар Р. Сыздықов қылмыстық топқа 14 жасар Д. Каримов пен 15 жасар Г. Горинді тартады. Олар Р. Сыздықовтың айтуымен екі рет контейнерден ұрлық жасайды.

Қылмыстық жауаптылыққа осы адамдарды қалай тартамыз?

Р. Сыздықовты кәмелетке толмағандарды қылмысқа тартқаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуға болады ма?

КОӨЖ өткізу нысаны: Қарастырылған сұрақтарды талқыға салу, есептерді шешу.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 65 тен – 81 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КӨЖ (3 сағ)

Тапсырма:

1. Қылмыстық құқық бұзушылығы үшін жауаптылық арнайы субъект – құқық қорғау органдары қызметкерлерімен қаралатын баптарды Қылмыстық кодекстен тауып дәптерге көшіріп жазу.

2. Кесте сызу: а) «Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі»; б) «Қылмыстық құқық бұзушылықта арнайы субъект».

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Мас күйінде жасалатын қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық.

2. Жас қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің белгісі ретінде. Кәмелетке толмағандардың жауаптылығы.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық арнайы субъектісі.

Реферат тақырыптары:

1. Қылмыстық құқықта қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің ұғымы және белгілері.

2. Есі дұрыстық қылмыстық жауаптылықтың міндетті шарты ретінде.

3. Шектеулі есі дұрыстық.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 65 ден – 81 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

7-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы
Дәріс жоспары (1 сағ):

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағының ұғымы және оның маңызы. Кінә қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағының негізгі белгісі ретінде. Кінә нысандары:

- Қасақаналық және оның түрлері

- Абайсыздық және оның түрлері

2. Кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылық

3. Кінәсіз зиян келтіру.

4. Заңдық және фактілік қателер және олардың жауаптылыққа әсері

Дәріс тезісі:

Қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағының ұғымы және оның маңызы. Қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағын мінездейтін қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері. Олардың ҚР ПО азаматтардың өмірін, құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғауды күшейту үшін қылмыстық заңнамаларды қолданудағы мәні.

Кінә қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағының негізгі белгісі ретінде. Оның ұғымы, мазмұны және нысандары. Кінә нысанының мәні.

Қасақаналық түріндегі кінә, оның түрлері. Қасақаналықтың интеллектуалдық және еріктік мезеті. Тікелей және жанама қасақаналық.

Абайсыздық түріндегі кінә, оның түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтағы менмендік. Оның жанама қасақаналықтан айырмашылығы. Қылмыстық құқық бұзушылықтағы салақтық. Оның немқұрайдылықтан айырмашылығы. Салақтықтың объективті және субъективті өлшемдері.

Кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылық. Кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың ерекшеліктері.

Субъективтік жақтың факультативтік белгілері. Қылмыстық құқық бұзушылық себебі /ниеті/ мен мақсаты. Олардың ҚР ПО қызметінде қылмыстық құқық бұзушылықтағы заңнаманы қолданудағы және қылмыстық құқық бұзушылықты саралаудағы мәні.

Кездейсоқтық жазықсыз зиян келтіру ретінде. Жазықсыз зиян келтірудің қылмыстық құқық бұзушылық салақтықтан айырмашылығы. Жан күйзелісі жағдайы /аффект/ және оның ҚР ПО қызметіндегі мәні.

Зандылық және нақты /фактілік/ қателер. Олардың қылмыстық құқық бұзушылықты саралауға және кінәға әсері; оның қылмыстық-құқылық мәні.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 82 ден – 94 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

Семинарлық сабақ жоспары (1 сағ)

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағының ұғымы және оның маңызы.

2. Кінә қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағының негізгі белгісі ретінде. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағының факультативті белгілері.

3. Кінә нысандары:

- Қасақаналық және оның түрлері

- Абайсыздық және оның түрлері

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 82 ден – 94 ке дейін;

қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КОӨЖ (1 сағ)

Тапсырма: Семинарлық сабақ сұрақтарын қарастыру негізінде қылмыстық құқықтың қағидалары жайлы және міндетінен хабардар болу және жеке өз ойын білдіру. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дамытуда және тұрақтандыруда мәселелерге талдау жасау.

Талданған сұрақтар бойынша өз көзқарасы болу және осы мәселе бойынша қылмыстық құқық теориясында заңгер ғалымдардың көзқарасын жинақтау.

Шешуі:

1. Азамат С. Хохлов мас күйінде 9-сынып оқушысы Д. Сыздықованы қорқытып шабуыл жасап зорлаған, алдын ала тергеу кезінде С. Хохлов Д. Сыздықованы әлі жетілмеген, яғни оны 18-жасқа толмаған деп ойламап едім, - деп арызданды.

1. Азамат С. Хохлов кәмелетке толмаған қызды зорлаганы үшін жауапкершілікке тартылады ма?

2. Б. Балтабаев өзінің қартайған шешесін үнемі кемсітіп, оған қатыгездік танытып жүреді. Шешесі баласына бірнеше рет былай деп ескерту жасайды – егер ұлы өз қарым-қатынасын өзгертпесе, онда ол өз-өзіне қол жұмсайтынын айтады. Бірақ Б. Балтабаев шешесінің бұл өтінішіне құлақ аспайды, нәтижесінде шешесі өз өміріне қол салады.

1. Б. Балтабаевтың ісіне субъективтік жағынан талдау жасаңыз.

2. Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

3. Р. Гусев ойнап жүріп М. Ченцованы судың жағасынан өзенге итеріп жібереді. М. Ченцова жүзу білмегендіктен суға батып кетеді, ал Р. Гусев оның жүзе алмайтынын білмеген.

1. Р. Гусевтың іс-әрекетінде кінә бар ма?

2. Болса оның түрін анықтаңыздар.

3. Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

КОӨЖ өткізу нысаны: Қарастырылған сұрақтарды талқыға салу, есептерді шешу.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 82 ден – 94 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КӨЖ (3 сағ)

Тапсырма:

1. Жауаптылығы тек қана тікелей қасақаналық үшін қарастырылатын ҚР ҚК 2-3 бапты көшіріп жазу; Сол сияқты тікелей қасақаналық үшін және жанама қасақаналық үшін қарастырылатын ҚР ҚК 2-3 бапты көшіріп жазу.

2. Қылмыстық кодекстен қасақана жасалған формальды қылмыстық

құқық бұзушылық үшін жауаптылық қарастырылатын 2-3 бапты іріктеу.

3. Қылмыстық кодекстен жауаптылық қарастырылатын 2-3 бапты көшіріп жазу:

а) Кінәнің абайсыздығы бар;

б) Екі нысанды кінәсі бар;

в) Арнайы мақсатпен және арнайы көрсетілген себептермен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылығы бар.

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Қылмыстық құқықта қылмыстық құқық бұзушылық құрамының субъективтік жағы ұғымы және маңызы.

2. Кінә субъективтік жақтың негізгі белгісі ретінде. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының факультативті белгілері.

3. Кінә нысаны:

- Қасақаналық және олардың түрлері.

- Абайсыздық және олардың түрлері.

Реферат тақырыптары:

1. Кінәнің екі нысаны.

2. Кінәсіз зиян келтіру

3. Заңдық және фактілік қате және олардың жауаптылыққа әсері.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 82 ден – 94 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

8-тақырып. Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатылары

Дәріс жоспары (1 сағ):

1. Қасақана қылмыс жасау сатыларының ұғымы және түрлері. Қылмыс жасау сатылары институтының ҚР ІІО қылмыстық-құқылық қызметіндегі мәні.

2. Қылмысқа дайындалу. Ол үшін қылмыстық жауаптылық негіздері мен шарттары.

3. Қылмыс жасауға оқталу, оның түрлері. Ол үшін қылмыстық жауаптылық негіздері.

4. Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық кезеңдері.

5. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудан өз еркімен бас тарту. Өз еркімен бас тартуда қылмыстық жауаптылыққа тартпау негіздері мен шарттары. Өз еркімен бас тартудың шын өкінуден айырмашылығы.

Дәріс тезисі:

Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатыларының ұғымы және түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатылары институтының ҚР ІІО қылмыстық - құқылық қызметіндегі мәні.

Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатыларының ұғымы және белгісі. Қасақана ой-ниет үшін жазаланбаушылық.

Қылмысқа дайындалу, оның белгілері мен түрлері. Ол үшін қылмыстық жауаптылық негіздері мен шарттары.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға оқталу, оның белгілері мен түрлері. Ол үшін қылмыстық жауаптылық негіздері. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға оқталудың қылмыстық құқық бұзушылыққа дайындалудан айырмашылығы. Қылмыстық құқық бұзушылыққа оқталудың алдын-алудағы ҚР ПО қызметі.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға оқталғаны және қылмыстық құқық бұзушылық жасауға дайындалғаны үшін жауапкершіліктің негізі мен шегі. Соттың жаза тағайындау барысында алдын-ала қылмыстық әрекеті үшін ескеретін мән-жайлары.

Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық кезендері. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы құрылымының ерекшеліктеріне байланысты қылмыстық заңнама бойынша кейбір қылмыстартық құқық бұзушылықтардың аяқталу кезеңі.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудан өз еркімен бас тарту. Өз еркімен бас тартуда қылмыстық жауаптылыққа тартпау негіздері мен шарттары. Өз еркімен бас тартудың шын өкініуден айырмашылығы. Өз еркімен бас тарту институтының ҚР ПО қылмыстық-құқылық қызметіндегі мәні.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 94 тен – 104 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

Семинарлық сабақ жоспары (1 сағ)

1. Қасақана қылмыс жасау сатыларының ұғымы және түрлері. Қылмыс жасау сатылары институтының ҚР ПО қылмыстық-құқылық қызметіндегі мәні.

2. Қылмысқа дайындалу. Ол үшін қылмыстық жауаптылық негіздері мен шарттары. Қылмыс жасауға оқталу, оның түрлері. Ол үшін қылмыстық жауаптылық негіздері.

3. Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық кезеңдері. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудан өз еркімен бас тарту.

4. Өз еркімен бас тартуда қылмыстық жауаптылыққа тартпау негіздері мен шарттары. Өз еркімен бас тартудың шын өкініуден айырмашылығы.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 94 тен – 104 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КООЖ (1 сағ)

Тапсырма: Семинарлық сабақ сұрақтарын қарастыру негізінде қылмыстық құқықтың қағидалары жайлы және міндетінен хабардар болу

және жеке өз ойын білдіру. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дамытуда және тұрақтандыруда мәселелерге талдау жасау.

Талданған сұрақтар бойынша өз көзқарасы болу және осы мәселе бойынша қылмыстық құқық теориясында заңгер ғалымдардың көзқарасын жинақтау.

Шешуі:

1. Н. Николаев Д. Кореневтен кәсіпкер Б. Широқты өлтіруі үшін 10 000 АҚШ долларын алған. Н. Николаев кәсіпкерді оның үйінің жанында тосып алып, оған 3 рет жүрегінің тұсынан пышақпен соққы жасайды. Қансырап жатқан Широқты көршілері жедел дәрігер шақыртып, ол екі апта реанимацияда жатып шығып аман қалады.

Осы жағдайда аяқталған қылмыс құрамы бар ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

2. О. Панкратов пен В. Миронов банктің инкасатор көлігіне қарулы шабуыл жасап ақша иемденуге ниеттенеді. Сол үшін АК-47 автоматы мен екі Ф-1 гранатасын заңсыз белгісіз адамнан сатып алып, шабуылға жоспар құрады. Жоспар бойынша олар белгіленген орында шабуыл жасауға дайындалады. Бірақ жүру бағытының өзгеруіне байланысты олардың ойы жүзеге аспай қалады.

О. Панкратов пен В. Мироновтың жауапкершілігі туралы сұрақтарды шешіңіздер.

Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

3. Е. Шохин А. Мамедовқа «ТТ» тапаншасын 400 долларға сатуға келіседі. Ақша қолына тиген Е. Шохин қаруды ертең алып келемін деп түсіндіреді. Бірақ ол келесі күні келмей қалады.

А. Мамедовтың әрекеттерінде қылмыс құрамы бар ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

КОӨЖ өткізу нысаны: Қарастырылған сұрақтарды талқыға салу, есептерді шешу.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 94 тен – 104 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КӨЖ (3 сағ)

Тапсырма:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатыларының сызбасын сызу.
2. ҚР ҚК-нен қоғамға қауіпті әрекетке дайындалған немесе оқталған сәттен бастап аяқталған қылмыс деп саналатын 2-3- бапты көшіріп жазу.

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық кезеңдері
2. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудан өз еркімен бас тарту
3. Өз еркімен бас тартуда қылмыстық жауаптылыққа тартпау негіздері

мен шарттары. Өз еркімен бас тартудың шын өкініуден айырмашылығы.

Реферат тақырыптары:

1. Қасақана қылмыс жасау сатыларының ұғымы және түрлері. Қылмыс жасау сатылары институтының ҚР ІІО қылмыстық-құқылық қызметіндегі мәні.

2. Қылмысқа дайындалу. Ол үшін қылмыстық жауаптылық негіздері мен шарттары.

3. Қылмыс жасауға оқталу, оның түрлері. Ол үшін қылмыстық жауаптылық негіздері.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 94 тен – 104 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

9-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу

Дәріс жоспары (1 сағ):

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу ұғымы. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың объективтік және субъективтік белгілері.

2. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың түрлері және олардың заңдылық мінездемесі.

3. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушыларға қылмыстық жауаптылық негізі.

4. Қылмысқа жанау, оның қылмысқа қатысудан айырмашылығы. Қылмысқа қатысудың арнайы сұрақтары.

Дәріс тезисі:

Қылмыстық заңдылықтағы қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу ұғымы және мәні. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың объективті және субъективті белгілері. ҚР ІІО қылмыстық құқылық қызметіндегі қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу институтының мәні. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың түрлері. Орындаушының, ұйымдастырушының, азғырушының және көмектесушінің ұғымы және белгілері.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың нысандары: ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда, заңсыз әскерилендірілген құралым.

ҚР ІІО ұйымдасқан қылмыстық әрекеттер нысанымен қылмыстық-құқылық күресудегі ерекшеліктері.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың жауаптылығы мен шегі. Қатысушылардың әрекеттерін саралаудың ерекшеліктері. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушының шектен шығушылығы. Арнайы субъектімен қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу. Болмай қалған

қатысушылық. ҚР құқық қорғау органдары қызметіндегі қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудағы өз еркімен бас тартушылықтың ерекшеліктері.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасу, оның ұғымы және нысаны. Қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасудың қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудан айырмашылығы.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 105 тен – 115 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

№1.Семинарлық сабақ жоспары (1 сағ)

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу ұғымы. Қатысудың белгілері.

2. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу түрлері.

3. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың нысандары және олардың заңдылық мінездемесі.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 105 тен – 115 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

Тәжірибелік сабақ (1 сағ)

Сабақтың мақсаты — Қылмыстық заңнамасы бойынша қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу сараптауға үйрету, осы тақырып бойынша теориялық білімдерді бекіту.

1. Есеп шешу.

2. «Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу» бойынша кестелерін дайындау.

КОӨЖ (1 сағ)

Тапсырма: Семинарлық сабақ сұрақтарын қарастыру негізінде қылмыстық құқықтың қағидалары жайлы және міндетінен хабардар болу және жеке өз ойын білдіру. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дамытуда және тұрақтандыруда мәселелерге талдау жасау.

Талданған сұрақтар бойынша өз көзқарасы болу және осы мәселе бойынша қылмыстық құқық теориясында заңгер ғалымдардың көзқарасын жинақтау.

Шешуі:

1. Максимов, Орлов, Иванов, және Юрин – Максимовтың әйелімен кездесіп жүрген Петровтан кек алу мақсатында түнгі уақытта оған, біреуі – балғамен, келесісі таспен, үшіншісі – кастетпен, төртіншісі – пышақпен қаруланады да жабылып ұрады. Алған жарақатынан Петров қайтыс болады. Сот – дәрігерлік сараптамасының қорытындысында, жәбірленушіге әртүрлі құралдармен басына соққылар жасалғаны, желке сүйегінің аумағындағы жарақаттан өлгенін көрсеткен. Сот оның зақымы Орловтың балғамен ұрған соққысынан келгенін анықтады. Осыдан келе Орлов – орындаушы, ал қалған сотталушылар – көмектесушілер болып табылды делінген.

- 1. Соттың шешімі дұрыс па?*
- 2. Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.*

2. Геологтар тобының жүргізушісі Владимиров және сол топтың жұмысшысы Маков тапсырылған бағыттан ауытқып кетіп, жастардың кеші болып жатқан Володаровка селосына автокөлікпен келеді. Ішіп алған олар село азаматтарына тиісіп, балағаттай бастаған және төбелескен. Жергілікті жігіттердің қудалауына байланысты Владимиров пен Маков қашып машинаға мініп село сыртына шығып кетеді. Маков Владимировке селоға қайтып барып оларды қудалаған балаларды машинамен қууды ұсынады. Машинаны артқа қайта бұрып Владимиров селоға кіреді де үлкен жылдамдықпен село тұрғындарын қуады. Кузовта отырған Маков балағаттық сөздермен қоса “Бас оларды, бас”, - деп айқайлайды. Машинаны басқара алмай Владимиров талдың қасында тұрған бір топ адамды қағады. Соның ішінде А. Степановтың денсаулығына ауыр дене жарақатын, И. Сафроновтың денесіне орташа ауырлықтағы дене жарақатын және К. Иванованың денсаулығына жеңіл зақым келтіреді.

1. Қылмысқа қатысудың түрлерін анықтап, жауаптылық сипатын беріңіздер.

- 2. Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.*

3. Гузов үнемі жұмысқа кешігіп келіп, өндірістік тәртіпті бұзған, сонымен қатар жұмысшылармен дөрекі сөйлескен. Цех бастығы Киреев Гузовтың тұрақсыз мінез-құлқын бірнеше рет сынаған (ескерткен). Бір күні Гузов цехқа мас күйінде келгенде, Киреев оны жұмыстан босатады. Зауыттың аумағынан шыққанда Гузов асханаға кіреді, онда зауытта бірге істеген Прохоровпен кездеседі. Онымен бірге арақ ішу барысында Гузов Киреевтің әрекеттерін Прохоровқа айтып, арыздана бастайды. Прохоров арызына жауап беріп, “Ал сен оны жақсылап соғып алсаң өзі орнына келеді, түсінетін болады”- дейді. Содан Гузов ауысымның соңына қарай жұмыс алдына келіп Киреевті күтіп алады және онымен түсінісуге кіріседі, ол сен массың, сенімен сөйлеспеймін дегенде Киреевке шабуыл жасап, оны қатты ұрып тастайды.

1. Прохоров азғырушы ретінде жауапқа тартылуы мүмкін бе?

2. Азғырушының объективтік және субъективтік белгілерін беріңіздер.

- 3. Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.*

КООЖ өткізу нысаны: Қарастырылған сұрақтарды талқыға салу, есептерді шешу.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 105 тен – 115 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КӨЖ (5 сағ)

Тапсырма:

1. 1-2 мысал келтіру:
 - а) әрбір қатысу нысандарына;
 - б) әрбір қатысушылардың түрлеріне;
 - в) эксцесс қатысушыға.

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» қаулысын, 21 маусым 2001ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2001 ж. № 6. 21.06.2001 ж. оқу.

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушыларға қылмыстық жауаптылық негізі және шегі.
2. Қатысушылардың өз еріктерімен бас тартуы, ішкі істер органдарымен қылмыстардың алдын алуда қылмыстық құқық бұзушылықтағы қатысудан, қатысуға өз еркімен бас тартудың маңыздылығы.
3. Қылмысқа жанасу, оның қылмысқа қатысудан айырмашылығы.

Реферат тақырыптары:

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу ұғымы.
2. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу түрлері.
3. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың нысандары.
4. Қылмысқа қатысудың арнайы сұрақтары.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 105 тен – 115 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

10-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігі

Дәріс жоспары (1 сағ):

1. Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігінің ұғымы және түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігінің күрделі, жалғаспалы және созылмалы қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы. Қылмыс көптілігінің ҚҚО қызметіне маңыздылығы.
2. Қылмыстық құқық бұзушылықты бірнеше мәрте жасалуы ұғымы және оның белгілері. Қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше мәрте жасалуының құқықтық зардабы.
3. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы ұғымы және оның белгілері. Қылмыстық құқық бұзушылық жиынтығы түрлері.
4. Қылмыстардың қайталануы, оның түрлері. Қылмыстардың қайталануының құқықтық зардабы.

Дәріс тезисі:

Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігінің ұғымы және белгілері. ҚР ПО қызметіндегі қылмыстық құқық бұзушылық көптілігі институтының мәні.

Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігінің нысаны. Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігінің қылмыстық-құқылық зардаптары.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше мәрте жасалуы. Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше мәрте жасалуының жалғаспалы қылмыстық құқық бұзушылықтан айырмашылығы.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы. Оның белгілері және түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығының күрделі құрамды қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы.

Қылмыстың қайталануы, оның белгілері және түрлері. Жай, қауіпті және аса қауіпті қайталану.

Құқық қорғау органдарының, оның ішінде, ҚР ПО қызметіндегі қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігінің мәні.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер –116 дан – 126 ға дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

№1.Семинарлық сабақ жоспары (1 сағ)

1. Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігінің ұғымы және түрлері.
2. Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігінің күрделі, жалғаспалы және созылмалы қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы.
3. Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше мәрте жасалуы ұғымы және оның белгілері. Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше мәрте жасалуының құқықтық зардабы.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 116 ден – 126 ға дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан –192 ге дейін).

Тәжірибелік сабақ (1 сағ)

Сабақтың мақсаты — Қылмыстық заңнамасы бойынша іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар сараптауға үйрету, осы тақырып бойынша теориялық білімдерді бекіту.

1. Есеп шешу.

2.«Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптілігі» бойынша кестелерін дайындау.

КОӨЖ (1 сағ)

Тапсырма: Семинарлық сабақ сұрақтарын қарастыру негізінде қылмыстық құқықтың қағидалары жайлы және міндетінен хабардар болу және жеке өз ойын білдіру. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дамытуда және тұрақтандыруда мәселелерге талдау жасау.

Талданған сұрақтар бойынша өз көзқарасы болу және осы мәселе бойынша қылмыстық құқық теориясында заңгер ғалымдардың көзқарасын жинақтау.

Шешуі:

1. Қарағанды қаласында бұрын екі рет сотталған Р. Иванов жазғы үйге кіріп, сонда жатқан азық-түліктерді ұрлайды. Кетіп бара жатып үй иесі әйелмен кездесіп қалады да, оған шабуыл жасап, пышақпен қорқытып ақша сұрап, қылқындырады. Пышақ суық қару деп танылады.

1. Истелген қылмыстар көптілігінің түрлерін анықтаңыздар.

2. Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар

2. Ұрлығы үшін бірнеше рет сотталған С. Ковалев, Қырғызстан заңы бойынша тонау қылмысы үшін сотталып шыққан М. Максимовпен алдын ала келісім бойынша азамат И. Алимовқа шабуыл жасап, оны тонайды.

Сот үкімінде екеуінің әрекетінде аса қауіпті қайталану бар деп танылып, екеуі де ҚР ҚК 192-бабының 2-бөлігі бойынша қауіпті төтенше режимдегі түзеу колониясында жазасын өтеуге сотталады.

1. Осы аталған қылмысты аса қауіпті қайталану деп тануға болады ма?

2. Қылмыстың көптілігінің бір түрі ретінде қылмыстың қайталануына сипаттама беріңіздер.

3. ҚР ҚК 14-бабындағы аса қауіпті қайталану деп тану ережесіне талдау жасаңыздар.

3. Октябрь ауданының соты С.Н. Борисовқа ҚР ҚК 188-бабы бойынша айып тағып, оған ҚР ҚК 63-бабын қолданып шартты түрде соттап, сынақ мерзімін белгілеген. С.Н. Борисов сынақ мерзімі ішінде А. Алауовтың пәтеріне балкон арқылы кіріп, 8500 теңге тұратын мүлікін жасырын түрде ұрлайды.

Осыдан кейін тонау жасағаны үшін іздеуде жүрген кәмелет жасқа толмаған И. Соколовпен бірге бөтеннің тауық қорасына кіріп 10000 теңгені құрайтын тауықтарды ұрлайды.

Сот екеуіне 188-баптың 2-бөлігі бойынша айып тағып жазалау шарасын береді, ал С.Н. Борисовтысонымен қоса ҚР ҚК 132-бабының 1-бөлігі бойынша жазалайды.

Қылмыстың көптілігінің түрін анықтаңыздар.

КОӨЖ өткізу нысаны: Қарастырылған сұрақтарды талқыға салу, есептерді шешу.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 116 дан – 126 ға дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КӨЖ (5 сағ)

Тапсырма:

1. ҚР ҚК-нен күрделі қылмыстық құқық бұзушылықтарға жауаптылық көзделген баптарды көшіріп жазу. ҚР ҚК-нен қылмыстық құқық бұзушылық көптілігі үшін жауаптылық көзделген баптарды көшіріп жазу.

2. Қазақстан Республикасы ЖС «Қылмыстардың бірнеше рет және жиынтығын саралау туралы» нормативтік қаулысын, 25.12.2006 ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2006 ж. № 12 және Қазақстан Республикасы ЖС «Соттардың қылмыстардың қайталануын саралау туралы» нормативтік қаулысын, 25.12.2007. ҚР ЖС Бюллетені, 2007 ж. № 12 оқу

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігінің ұғымы және түрлері.
2. Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше мәрте жасалуы ұғымы және оның белгілері.
3. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы ұғымы және оның белгілері.

Реферат тақырыптары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігінің күрделі, жалғаспалы және созылмалы қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы. Қылмыс көптілігінің ҚҚО қызметіне маңыздылығы.
2. Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше мәрте жасалуының құқықтық зардабы.
3. Қылмыстық құқық бұзушылық жиынтығы түрлері.
4. Қылмыстардың қайталануы, оның түрлері. Қылмыстардың қайталануының құқықтық зардабы.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 116 тен – 126 ға дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

**11-тақырып. Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар
Дәріс жоспары (1 сағ):**

1. Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлардың ұғымы, және түрлері.
2. Қажетті қорғану. Оның заңдылық шарттары. Қажетті қорғану шегінен шығу.
3. Аса қажеттілік. Оның заңдылық шарттары.
4. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру. Оның заңдылық шарттары.
5. Жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру. Оның заңдылық шарттары.

Дәріс тезисі:

Қажетті қорғану. Оның заңдылық шарттары. Жалған қорғану, оның түрлері және қылмыстық құқылық зардабы. Қажетті қорғанудағы шектен шығушылық.

Ішкі істер органдары қызметіндегі қажетті қорғануға байланысты нормалардың мәні.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру. Оның заңдылық шарттары. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян

келтірудің қажетті қорғанудан айырмашылығы. ҚР Ішкі істер органдары қызметі үшін қылмыскерді ұстау институтының мәні.

Аса қажеттілік. Оның заңдылық шарттары. Аса қажеттіліктің қажетті қорғанудан айырмашылығы.

Жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру. Оның заңдылық шарттары. Аса қажеттіліктен айырмашылығы.

Орынды тәуекел ету. Оның заңдылық шарттары. Орынды тәуекел етудің аса қажеттіліктен айырмашылығы.

Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу. Оның заңдылық шарттары. Оның аса қажеттіліктен айырмашылығы.

Бұйрықты немесе өкімді орындау. Оның заңдылық шарттары.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 126 ден – 138 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

Семинарлық сабақ жоспары (1 сағ)

1. Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлардың ұғымы, және түрлері.

2. Қажетті қорғану. Оның заңдылық шарттары. Қажетті қорғану шегінен шығу.

3. Аса қажеттілік. Оның заңдылық шарттары.

4. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру. Оның заңдылық шарттары.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 127 ден – 138 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КОӨЖ (1 сағ)

Тапсырма: Семинарлық сабақ сұрақтарын қарастыру негізінде қылмыстық құқықтың қағидалары жайлы және міндетінен хабардар болу және жеке өз ойын білдіру. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дамытуда және тұрақтандыруда мәселелерге талдау жасау.

Талданған сұрақтар бойынша өз көзқарасы болу және осы мәселе бойынша қылмыстық құқық теориясында заңгер ғалымдардың көзқарасын жинақтау.

Шешуі:

1. Калашников Жакуповпен бірге мас күйінде Семеновты тоқтатып бірнеше рет бетінен жұдырықпен ұрады. Семенов жұлқынып құтылғысы келіп еді, Калашников оны жібермеді, тағы да бірнеше рет бетінен ұрып, оны шарбаққа қысып қылқындыра бастайды. Семенов қалтасында бәкісі бары есіне түсіп, пышақты қолына алып, қорғану үшін екі рет пышақпен Калашниковты ұрады. Бірақ соңғы, тағы да қатты тұншықтыра бастайды, осы кезде Жакупов та оларға жақындап қалады, Семеновты ұрып жығу үшін

көмекке келе жатады. Осы кезде Семенов алты рет Калашниковқа пышак салады, нәтижесінде ол өледі.

1. Семеновтың әрекеті қажетті қорғану үшін істелді ме?

2. Талқылау үшін әртүрлі вариантын келтіріңіз.

2. Кешке үйіне келе жатқан бокс клубының жаттықтырушысы П.Петровты қараңғы көшеде екі бейтаныс адам тоқтатады. Шабуылдан сезіктенген П.Петров бейтаныс біреуінің бетінен жұдырықпен ұрады да, екіншісін қолын бұрап полицияға алып келеді. Сұрау кезінде екі белгісіз Кожевников пен Акбаев басқа жерден келген қаланың қонақтары болып, жақын маңайдағы көңіл көтеретін мекемені П. Петровтан білмек болған.

1. П.Петровтың әрекеті жалған қорғану үстінде істелді деуге болады ма?

2. Оның жауапкершілігі жөніндегі сұрақ қалай шешілуі тиісті?

3. Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз

3. И. Тарова кешке үйіне келе жатқанда аздап танитын Владимировқа кездесті. Ол И.Тарованы өзіне қонаққа шақырды. И.Таровадан теріс жауап алған соң Владимиров оны күшпен үйге кіргізіп өзінің ойын жасырмай, онымен жыныстық қатынасқа келісуге күштей бастайды. И. Тарова көмек шақыруға талпынып еді, бірақ Владимиров оны бірнеше рет беттен, денесінен ұрып жіберді, оның киімін жыртып, еденге құлатты. И. Тарова еденде жатқан кірпішті алып онымен бірнеше рет басынан ұрып, өзінің нәрселерін алып қашып кетті. Сол күні И. Тарова полицияға барды. Владимировқа қарсы қылмыстық іс қозғалды, бірақ та жеті күннен кейін күдіктінің өліміне байланысты іс жабылды.

1. И. Тарова қылмыстық жауапкершілікке тартылады ма? Ол қорғану кезінде керекті мөлшерден асып кеткен жоқ па?

2. Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз.

КОӨЖ өткізу нысаны: Қарастырылған сұрақтарды талқыға салу, есептерді шешу.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 127 ден – 138 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КӨЖ (3 сағ)

Тапсырма:

1. Сызба сызу:

а) «Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар».

б) «Қажетті қорғану».

в) «Аса қажеттілік»

Өзіндік бақылау материалдары

1. Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлардың ұғымы мен түрлері.

2. Қажетті қорғану. Оның заңды шарттары. Қажетті қорғану шегінен шығу.

3. Аса қажеттілік және оның заңды шарттары.

Реферат тақырыптары:

1. Қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу кезінде зиян келтіру және оның заңды шарттары.

2. Жедел-іздігі іс шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру және оның заңды шарттары.

3. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу. Бұйрықты немесе өкімді орындау.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 127 дан – 138 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

12-тақырып. Жазаның ұғымы мен мақсаттары.

Жазаның түрлері мен жүйесі. Жаза тағайындау.

Дәріс жоспары (1 сағ):

1. Қылмыстық құқықтағы жазаның ұғымы және әлеуметтік мәні. Жаза мен қылмыстық жауаптылық арақатынасы.

2. Жазаның мақсаты. Жалпы және арнайы ескертулер. Жазаның өкімшілік және тәртіптік жауаптылықтардан айырмашылығы.

3. Қылмыстық құқықтағы жаза тағайындаудың жалпы басталуы

4. Жауаптылықты ауырататын және жеңілдететін мән жайлар

5. Жаза тағайындаудың арнайы сұрақтары

Дәріс тезисі:

Қылмыстық құқықтағы жазаның ұғымы, белгілері және мазмұны. Жазаның басқа да мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары мен қоғамдық әсер ету шараларынан айырмашылығы. Жаза және қылмыстық жауаптылық. Жазаның мақсаты. Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамды түзеу, қылмыс жасаудан жалпы және арнайы сақтандыру.

Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше шарасы ретінде. Жазаның табиғаты және әлеуметтік байланыстылығы және негізділігі.

Жазаның мақсатқа жетуіндегі ҚР ішкі істер органдарының атқаратын рөлі. ҚР ҚК-не қарастырылған жазалардың ұғымы және түрлері. Жазаның жүйесі және оны жүзеге асырудағы ҚР ІІО қылмыстық-құқылық әрекеті.

Жазаның түрлері. Негізгі және қосымша жаза. Негізгі және қосымша жаза ретінде қолданылатын жазалар. Айыппұл. Оны қолданудың тәртібі және шарты. Айыппұлдың мөлшері. Айыппұлды басқа да жаза түрлерімен ауыстыру. Бұл шараны атқарудағы ҚР ІІО рөлі. Белгілі бір лауазымды атқару

немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру. Шараның бұл түрін қолданудың мерзімі және шарты. Бұл шараны атқарудағы ҚР ІІО рөлі.

Қоғамдық жұмыстарға тарту. Шараның бұл түрінің ескерту-тәрбиелік /алдын алушылық/ мәні.Түзеу жұмыстары. Оны қолданудың тәртібі мен шарты. Түзеу жұмыстарынан әдейі жалтарудың салдары.Әскери қызмет бойынша шектеу. Оны қолданудың тәртібі мен шарты.Абақтыда ұстау. Оны қолданудың тәртібі мен шарты. Бас бостандығын шектеу. Оны қолданудың тәртібі мен шарты. Жазаның бұл түрінен әдейі жалтарудың салдары. Бас бостандығын шектеу жазасы қолданылмайтын адамдар шеңбері.

Бас бостандығынан айыру. Бас бостандығынан айырудың түрлері мен мерзімдері. Оның тиімділігі. Бұл шараны атқарудағы ҚР ІІО рөлі.

Өлім жазасы ең ауыр жаза ретінде.Арнаулы әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру. Сотталғандарға көрсетілген жазаларды қолданудың тәртібі мен шарты.

Мүлікті тәркілеу және оның түрлері. Мүлікті тәркілеуді қолданудың шарты. Тәркіленуге тиісті емес мүліктер. Бұл шараны атқарудағы ҚР ІІО рөлі. Қылмыстық құқықтағы жаза тағайындаудың жалпы басталуы және қағидасы. Қазақстан Республикасының Конституциясы қылмыстық жауапкершіліктен және жазадан құтылмау қағидасы туралы.

Жаза тағайындауда жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар. Олардың түрлері, жалпы мінездемесі және мәні. Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау. Әр-түрлі жаза түріне соттағанда сотпен тағайындаған жаза мерзіміне алдын-ала қамау мерзімін есепке алу. Аяқталмаған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жаза тағайындау. Қатысушылықпен жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жаза тағайындау. Қылмыстық құқық бұзушылық жиынтығы бойынша жаза тағайындау. Қылмыстың қайталануы бойынша жаза тағайындау. Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау. Мерзімдерді қосу кезінде оларды белгілеу тәртібі.

Жаза мерзімдерін есептеу және жазаны есепке алу. Шартты түрде соттау. Заңға сәйкес әділ жаза тағайындауды қамтамасыз етудегі ҚР ІІО рөлі.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 139 дан – 150 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КОӨЖ (1 сағ)

Тапсырма: Семинарлық сабақ сұрақтарын қарастыру негізінде қылмыстық құқықтың қағидалары жайлы және міндетінен хабардар болу және жеке өз ойын білдіру. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дамытуда және тұрақтандыруда мәселелерге талдау жасау.

Талданған сұрақтар бойынша өз көзқарасы болу және осы мәселе бойынша қылмыстық құқық теориясында заңгер ғалымдардың көзқарасын жинақтау.

Шешуі:

1. Байкенов ҚК 347-бабымен /55-бапты қолдана отырып/ бір жылға түзеу жұмысына сотталып, табысының 20% мемлекеттің кірісіне ұстау белгіленген. Сонымен қатар негізгі жазаны өтеу мерзімінде көлік жүргізу құқығынан айыру – қосымша жаза ретінде қолданылған.

1. Соттың шешімін талдаңыздар.

2. Нұсқа құрастырып, талқылау қажет.

2. Сот 16 жастағы Тажинге қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтірген деп 6 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындайды, сонымен қатар Тажинге тәрбиелеу колониясының күшейтілген режимінде өтеуі көрсетілген.

1. Сот Тажинді 18 жасқа толғаннан кейін, жазасын өтеуге түзеу колониясының жалпы режиміне ауыстыруын белгілей алады ма?

2. Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

3. Бочкарев үш жылға бас бостандығынан айыру жазасына сотталып, түзеу колониясының қатаң режимінде өтелуі көрсетілген. Бочкарев бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған.

1. Бочкаревтың түзеу колониясының қатаң режимінде өтеу мерзімін тағайындауды сот дұрыс шешті ме?

2. Нұсқа құрастырып, талқылау қажет.

4. Соттың үкімі бойынша Абдеев ҚР ҚК 120-бабының 1-бөлігіне сәйкес 5 жылға бас бостандығынан айырылады. ҚР ҚК 120-бабы 1-бөлігінде қарастырылған жазаны тағайындауда сот ауырлататын жағдайларға жүгінеді. Яғни, Абдеев қылмыс істегеніне өзін кінәлі деп мойындамай, жасаған қылмысы үшін өкінбегендігіне сүйенеді. Сонымен қоса сот Абдеевтің бұрын сотталмағандығын, оның асырауында кәмелетке толмаған үш баласы бар екендігін және жұмыс орнынан жағымды мінездемесі бар сияқты жеңілдетілген жағдайларды қарастырмаған.

1. Сот үкімі дұрыс па?

2. Соттың заңда көрсетілмеген жеңілдететін және ауырлататын сияқты жағдайларына жүгінгені дұрыс па?

3. Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

5. Кәмелетке толмағандар Смирнов, Чуриков және Жуйков мас күйінде мектеп-интернат директорының кабинетіне тонау мақсатында кірген. Бірақ олар ол жерден бағалы ештеңе таппайды. Сол күні кешке олар азық-түлік дүкенінде көп мөлшерде шарап алып тұрған Галимовты байқайды да, оны тонауды шешеді. Мектеп-интернаттың жанына тақап қалғанда Смирнов Галимовты қуып жетіп, оны соққыға жығады. Артынан келген Чуриков пен Жуйков шарап толы сөмкені алып, оқиға болған жерден үшеуі де қашып кетеді.

1. Көрсетілген тұлғалардың қылмыстық жауапқа тартылуын шешіңіз.

2. Сот шешім шығарғанда қандай жағдайларды еске алады?
3. Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.

6. Сот үкімімен Летунов ҚР ҚК 188-бабының 1-бөлімі бойынша 3 жылға бас бостандығынан айрылады. ҚР ҚК 63-бабына сәйкес оған 3 жыл пробациялық бақылау белгіленеді.

1. Сот Летуновқа шартты түрде бас бостандығынан айыруды дұрыс берді ме?

2. Талқылауға түрлі нұсқаулар құрастырыңыз.

7. Ильин ҚР ҚК 106-бабының 1-бөлігі бойынша 6 жылға бас бостандығынан айрылды. 4 жыл 22 күн жазасын өтеген соң, ол мерзімінен бұрын шартты түрде босатылады. Бір ай өткен соң Ильин бұзақылық ниетпен Монгушты өлтіреді /ҚР ҚК 99-бабы, 2-бөлімі/. Облыстық сот үкімімен Ильиннің әрекетінде қылмыстың аса қауіпті қайталану белгілері бар деп анықталды.

1. Сот шешімін сараптаңыз.

2. Талқылауға нұсқалар құрастырыңыз.

КОӨЖ өткізу нысаны: Қарастырылған сұрақтарды талқыға салу, есептерді шешу.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 139 ден – 150 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КӨЖ (1 сағ)

Тапсырма:

1. Қылмыстық құқықтағы жаза тағайындаудың жалпы басталуын талқылау.

2. Жауаптылықты ауырлататын және жеңілдететін мән жайлар.

Өзіндік бақылау материалдары

1. Қылмыстық құқықтағы жаза тағайындаудың жалпы басталуы.

2. Жауаптылықты ауырлататын және жеңілдететін мән жайлар.

Реферат тақырыптары:

1. Қылмыстық құқықтағы жаза тағайындаудың жалпы басталуы.

2. Жауаптылықты ауырлататын және жеңілдететін мән жайлар.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 139 дан – 150 ге дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

13- тақырып. Қылмыстық жауаптылықтан босату

Дәріс жоспары (1 сағ):

1. Қылыстық жауаптылықтан босату ұғымы мен мәні.

2. Қылмыстық жауаптылықтан босату негіздері мен түрлері.

3. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың қылмыстық құқықтық зардабы.

Дәріс тезісі:

Қылмыстық жауаптылықтан босату ұғымы мен мәні. Қылмыстық жауаптылық босату негіздері мен түрлері. Жазадан құтылмау қағидасын жүзеге асыру.

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың әр-түрін жүзеге асырудағы ҚР ПО рөлі. Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.

Қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату. Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату. Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату. Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.

Ескіру мерзімінің өтуін тоқтату. Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықтан босату.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 151 ден – 166 ға дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

Семинарлық сабақ жоспары (1 сағ)

1. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың ұғымы мен мәні. Қылмыстық жауаптылықтан босату негіздері мен түрлері.

2. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың қылмыстық құқықтық зардабы.

3. Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.

Қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату.

4. Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 151 ден – 166 ға дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КОӨЖ (1 сағ)

Тапсырма: Семинарлық сабақ сұрақтарын қарастыру негізінде қылмыстық құқықтың қағидалары жайлы және міндетінен хабардар болу және жеке өз ойын білдіру. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дамытуда және тұрақтандыруда мәселелерге талдау жасау.

Талданған сұрақтар бойынша өз көзқарасы болу және осы мәселе бойынша қылмыстық құқық теориясында заңгер ғалымдардың көзқарасын жинақтау.

Шешуі:

1. П. Алиев тұрақты қылмысты қарулы топтың яғни банданың қатысушысы болып, азаматтардың мүліктерін йелену үшін бірнеше рет шабуыл жасайды. Сол топ П. Алиевтың қатысуымен И. Маслов деген азаматты өлтіріп, кейін банда мүшелері тарап кетеді. 15 жылдан соң басқа

аты жөнімен тұрып жатқан П. Алиев ұсталып, қылмыстық жауаптылыққа 15 жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесіледі.

Сот үкіміне баға беріңіз.

Осы жағдайға байланысты ҚР ҚК 69-бабын қолдануға негіз бар ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіз.

2. 2010 жылдың 14-ақпанында М. Мұқашев мас күйінде жүрген азамат О. Федоровты тонап кетеді. Қарсылық көрсеткен О. Федоровты жұдырықпен бірнеше рет ұрады, бірақ денсаулығына зақым келтірмейді.

Қылмыскердің кім екендігі анықталмағандықтан тергеу ҚР ҚДЖК бабы бойынша уақытша тоқтатады.

2015 жылы М. Мұқашев ұсталып, аталған қылмыс бойынша ҚР ҚК 191-бабының 2-бөлігі жауаптылыққа тартылады. Тергеу барысында М. Мұқашев қылмысты бірінші рет жасағаны, жасағанына өкінетіні, сонымен қатар 2011 жылдан бастап Қарағанды көмір бассейнінде комбайншы боп тұрақты жұмыс істейтіні, өзін жұмыста жақсы жағынан танытқаны үшін мақтау қағазымен марапатталғандығы анықталады.

М. Мұқашевқа қатысты ҚР ҚК 65-бабын қолдануға болады ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіз.

3. 2010 ж. 8-қаңтарда Р. Силова ПО келіп оны азамат В. Свидов зорлады деп арыз жазады. Соттық талқылау барысында Р. Силова кінәлімен келтірілген зиянның толықтай орны толтырылғанын және оны қылмыстық жазадан босатуға қарсы еместігін білдіреді.

Сот В. Свидовпен жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босата алады ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіз .

КОӨЖ өткізу нысаны: Қарастырылған сұрақтарды талқыға салу, есептерді шешу.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 151 ден – 166 ға дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КӨЖ (3 сағ)

Тапсырма:

1. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың түрлеріне қатысты 1-2 мысал келтіру.

2. ҚР ЖС «ҚК 67-ші бабын қолдану жөніндегі сот тәжірбиесі туралы» нормативтік қаулысын, 21-ші маусым 2001 жыл (11.07.2003ж. өзг.). ҚР ЖС Бюллетені, 2001 № 6 оқу және ҚР ЖС «Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату және жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру туралы» нормативтік қаулысын, 15.12.2007 ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2007 № 12 оқу және ҚР ЖС «Ауруға шалдығуына байланысты жазаны одан әрі өтеуден босату туралы» №7 нормативтік қаулысын, 11.04.2002ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2002 № 4 оқу.

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Қылмыстық жауаптылықтан босату негіздері мен түрлері.
2. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың қылмыстық құқықтық зардабы.
3. Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.
4. Қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату.
5. Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.

Реферат тақырыптары:

1. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың ұғымы мен негізі.
2. Қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіруі.
3. Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.
4. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан босату.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 151 ден – 166 кғадейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

14- тақырып. Қылмыстық жазалаудан босату. Сотталғандықты жою мен алып тастау

Дәріс жоспары (1 сағ):

1. Қылмыстық жазалаудан босату ұғымы. Қылмыстық жазалаудан босату институтының әлеуметтік-құқықтық мәні.
2. Қылмыстық жазалаудан босату негіздері мен түрлері.
3. Сотталғандық қылмыстық құқықтың институты ретінде. Сотталғандықты жою және алып тастау.

Дәріс тезисі:

Қылмыстық жазадан босату ұғымы мен мәні. Қылмыстық жазадан босату негіздері мен түрлері. Жазадан құтылмау қағидасын жүзеге асыру.

Жазадан босатудың әр-түрін жүзеге асырудағы ҚР ІІО рөлі.

Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жазадан босату. Ескіру мерзімінің өтуін тоқтату.

Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру.

Жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру.

Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату.

Төтенше мән-жайлардың салдарынан жазадан босатумен жазаны өтеуді кейінге қалдыру.

Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жазадан босату.

Сотталғандықты жою және алып тастау. Сотталғандықты мерзімінен бұрын алып тастау. Сотталғандықты жоюдың және алып тастаудың тәртібі мен шарты. Сотталған және жазадан босаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылық жасауынан ҚР ПО сақтандыруы.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 151 ден – 166 ға дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

Тәжірибелік сабақ(1 сағ)

Сабақтың мақсаты — Қылмыстық заңнамасы бойынша қылмыстық жазалаудан босатуды сараптауға үйрету, осы тақырып бойынша теориялық білімдерді бекіту.

1. Есеп шешу.

2.« Сотталғандықты жою және алып тастау» бойынша кестелерін дайындау.

КОӨЖ (1 сағ)

Тапсырма: Семинарлық сабақ сұрақтарын қарастыру негізінде қылмыстық құқықтың қағидалары жайлы және міндетінен хабардар болу және жеке өз ойын білдіру. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дамытуда және тұрақтандыруда мәселелерге талдау жасау.

Талданған сұрақтар бойынша өз көзқарасы болу және осы мәселе бойынша қылмыстық құқық теориясында заңгер ғалымдардың көзқарасын жинақтау.

Шешуі:

1.Құрылыс басқармасының жұмысшысы Рашидов сол ұйымның жүргізушісі Сафроновпен келісіп 216 теңгеге тартатын 24 бөлшектер ұрлап кетеді. Оларды көлікпен сыртқа шығарып, басқа адамдарға сатып, түсім ақшаны олар өз араларында бөліп алады. Үш жыл бойы Рашидов адал жұмыс істеп, үлкен жетістіктерге жетіп, құрылыс институтының кешкі бөлімінде оқып, қоғамдық өмірге белсене араласады. Өзі істеген бұрынғы ісіне ұялып, Рашидов полиция бөліміне келіп Сафронов екеуі жасаған ұрлық туралы айтып береді.

Рашидовты жазадан босатуға болады ма?

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіз.

2.Бұзақылық жасаған Д. Якимов ҚР ҚК 293-бабының 2-бөлігі «2» тармағы бойынша 3 жылға бас бостандығынан айырылады. Бір жыл жазасын өтегеннен кейін оны жақсы мінез кұлқына қарай жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатады. Содан, 3 айдан кейін Д. Якимов ҚР ҚК 188-бабының 1-бөлігімен көрсетілген ұрлық жасап, сот оған 1 жылға бас бостандығынан айыру жазасын береді. Сонымен қатар сот ҚР ҚК 60-бабын басшылыққа ала отырып 3 жылға бас бостандығынан айырады.

Сот Д. Якимовқа қатысты жазаны мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды дұрыс қолданды ма?

Д. Якимовқа қайтадан жазаны мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолдануға болады ма?

18 жасқа толмағандарға жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолданудың негізін айтыңыз.

Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіз.

3.2001 ж. Сиволапов кісі өлтіргені үшін 11 жылға бас бостандығынан айрылып, 2012 ж. бостандыққа шығады. 2013 жылы шілде айында Сиволапов жұмыс орнында өзінің жеке ісін қайтадан қарап, құжаттарындағы сотталғандықты жою туралы талап етеді.

Сиволаповтың талабы заңды ма?

Сотталғандықты жою және алып тастаудың айырмашылығы неде?

КӨЖ өткізу нысаны: Қарастырылған сұрақтарды талқыға салу, есептерді шешу.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 167 ден – 183 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КӨЖ (3 сағ)

Тапсырма:

1. Жазадан бостаудың түрлеріне қатысты 1-2 мысал келтіру.
2. Жазадан босату мен жағдайдың өзгеруіне байланысты жазаны өтеуді кейінге қалдыруды талқылау. Айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату.

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Жазадан бостаудың ұғымы. Жазадан босату институтының әлеуметтік-құқықтық маңыздылығы.
2. Жазадан босатудың негізі және түрлері.

Реферат тақырыптары:

1. Сотталғандық қылмыстық құқықтың институты ретінде.
2. Сотталғандықты жою және алып тастау.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 167 ден – 183 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

15-тақырып. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары

Дәріс жоспары (1 сағ):

1. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының ерекшеліктері. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазалар түрлері. Кәмелетке толмағандарды жазадан босатудың түрлері.

2. Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының мазмұны, түрлері, қолдану тәртібі.

3. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздері, мақсаты. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері.

4. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту және тоқтату.

Дәріс тезісі:

Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазалар түрлері. Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау.

Кәмелетке толмағандарды жазадан босату. Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының мазмұны.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздері.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының мақсаты.

Емханалық мәжбүрлеп қадағалау және психиатрда емделу. Жалпы үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту және тоқтату.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданғаннан кейін жаза тағайындау.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 167 ден – 184 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КОӨЖ (1 сағ)

Тапсырма: Семинарлық сабақ сұрақтарын қарастыру негізінде қылмыстық құқықтың қағидалары жайлы және міндетінен хабардар болу және жеке өз ойын білдіру. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дамытуда және тұрақтандыруда мәселелерге талдау жасау.

Талданған сұрақтар бойынша өз көзқарасы болу және осы мәселе бойынша қылмыстық құқық теориясында заңгер ғалымдардың көзқарасын жинақтау.

Шешуі:

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (Жалпы бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары тақырыбы бойынша жағдаяттық есептерді талдау.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына жауап беру, қажеттілікке қарай тест тапсырмаларын орындау.

КОӨЖ өткізу нысаны: Қарастырылған сұрақтарды талқыға салу, есептерді шешу.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 151 ден – 166 ға дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

КӨЖ (1 сағ)

Тапсырма:

1. Кәмелетке толмағандарға қатысты жаза тағайындауда 1-2 мысал келтіру. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жазадан босатудың түрлері.

2. Тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын тағайындауда 1-2 мысал келтіру, олардың түрлері және қолдану тәртібі. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қоланудың негізі мен мақсаты.

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері.

2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту және тоқтату және оны қолдануда қылмыстық құқықтық зардабы.

Реферат тақырыптары:

1. Сотталғандық қылмыстық құқық институты ретінде.

2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қоланудың негізі мен мақсаты.

3. Құқық қорғау органдары қызметіне сотталғандық қылмыстық құқық институтының маңыздылығы.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (Нормативтік құқықтық актілер – 1,2,3,4,7,8,9,24; негізгі әдебиеттер – 167 ден – 183 ке дейін; қосымша әдебиеттер – 185 тен – 189 ге дейін; ғаламтор көздері – 190 нан – 192 ге дейін).

3.10. Пәнді оқыту бойынша әдістемелік ұсыным;

Оқу процесіне мақсатты түрде қатысу үшін курсанттар қылмыстық құқық курсы және сабақтарға даярлану тәсілдері бойынша оқу жұмысының негізгі формаларын жақсы білуі керек. Қылмыстық құқықты меңгеруде оқу курсының барлық мазмұнын анықтайтын дәрістер негізгі орын алады.

Дәрістерді тыңдай отырып, дәріскер айтқан ойды мұқият тыңдай отырып, негізгі, мәнді ойды жазып алуы керек. Оқытушы, әдетте, интонация арқылы жазып алуға қажетті басты ережелерді бөліп отырады.

Жазып алынған дәрісті одан кейін өңдеу керек: аса маңызды деген ережелердің астын сызу, қажетті жерлерде қосымша фактілерді, өз пікірін жазу. Кезекті дәріс алдында өткен тақырып мазмұнын еске түсіріп, жаңа оқу материалын мақсатты түрде және дұрыс түсіну үшін келесі дәріске қатысты сұрақтар бойынша әдебиеттермен танысу керек.

Дәріс сабақтардан кейін семинар сабақтары өткізіледі. Олар курстағы маңызды және күрделі деген тақырыптарды тереңірек меңгеруге ықпал етеді.

Курсанттарды семинар сабақтарға дайындау оқытуға қатысты сұрақтарды өз беттерімен меңгеруге қажетті негізгі бағыттарды анықтайтын тақырыптар бойынша дәріс конспектілерін зерделеуден тұрады. Семинар сұрақтарын зерделеудің келесі қадамына оқулық пен сәйкес нормативтік актілермен жұмыс істеу жатады; содан кейін логикалық бірізділікпен жауап мазмұны көрсетілген жауаптар конспектісін құру жатады. Сабаққа дайындық өзін өзі бақылауға арналған сұрақтарға курсанттардың жауаптарымен аяқталады.

Семинар сабақтарына ұсынылған сұрақтарды «Заңнан тәжірибеге, қолдану проблемасынан қылмыстық заңдылықтарды және құқықты қолдану тәжірибесін жетілдіруге» деген кесте бойынша қарастыру ұсынылады. Семинар сұрақтарын талқылау пікір - сайыс түрінде, рефераттарды талқылау, турнир ойыны, баспасөз - конференциясы немесе дөңгелек үстел түрінде өткізілуі мүмкін. Сабақ жоспарында семинар сабақтарын өткізудің ұсынылған нұсқасы берілген, бірақ нақты сабақ өткізу формасын қандай да бір топта сабақ жүргізетін оқытушының өзі анықтайды.

Нақты сабақ өткізудің формасына қарамастан әрбір курсант қаралып отырған сұрақ бойынша өз пікірін айтуға және өз ұстанымын дәлелдеуге дайын болуы керек. Кафедра ақылға қонымды сын айтқан, теориялық материалды ішкі істер органдары әрекетінің тәжірибесімен байланыстыра білген пікірлерді қолдайды.

Өздік дайындық курсанттардың өздік жұмысты орындау формасы, олар ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттер арқылы, сондай-ақ өзге де ақпарат көздері арқылы берілген тақырып мазмұнын тереңінен зерделейді. Мұнда семинар немесе тәжірибелік сабақтарда қарастырылып, талданатын жазбаша тапсырмалар (реферат, баяндама, коллоквиум және т.б.) дайындалады және құрастырылады. Өздік дайындық сағаттарында алдыңғы болатын семинар және практикалық сабақтарға дайындық жүргізіледі, дәптерлеріне қаралуға ұсынылған негізгі сұрақтар жазылады.

3.11. Курстық және тәжірибелік тапсырмаларды орындау бойынша нұсқаулық пен әдістемелік ұсыным;

Тәжірибелік сабақтар, әдетте, үш оқу блогынан тұрады (жағдаяттық тапсырмаларды шешу немесе мұрағаттық қылмыстық істерді зерттеу - нақты және негізделген қылмыстарды саралауды талдау - талқылауға арналған нұсқалар құру).

Курсанттарға жағдаяттық тапсырмаларды шешудің мынадай әдістемелері ұсынылады:

1) Ең алдымен, бастапқы мәліметтер мазмұны мұқият зерттеліп, жағдаяттық тапсырмаларда берілген сұрақтарға жауап берілуі керек: қылмыстың қылмыстық-құқықтық түрі қандай, нақты жағдайда қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімі институттарының қайсысын қолдану керек, қандай қылмыстық – құқықтық нормалар өзара бәсекелеседі, қылмыстың ауырлығына қарай қандай қылмыстық жаза қарастырылады, қарастырылған қылмыс бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ұстанымы қандай, қылмысты негіздеп саралауда қандай заң немесе заңдық актісі қолданылуы керек, қылмыстық заңның кері күшінің әрекеті болуы мүмкін бе, кінәлі қандай түзету мекемесінде жазасын өтеу керек және т.б.

2) Бастапқы мәліметтерге талдау жасау нәтижесінде курсанттар келесі сұраққа жауап беруі керек – шешіліп жатқан тапсырманың **талабы** қандай (қандай қоғамдық қауіпті әрекет жасалды, қылмыстық-құқықтық норманың қандай бөлімін қолдану керек, қабылданған шешім негіздемесі, осы тапсырма мақсатына жетуді жүзеге асыруға қол жеткізетін қылмыстық жауапкершіліктен немесе жазалаудан босату жағдайы).

3) Тапсырманы шешудің келесі қадамына оны шешу жолдарын **табу** болып табылады. Бұл үшін курсанттарға нормативтік материалдарға жүгіну керек (ҚР ҚК, қарастырылып отырған сұрақтар бойынша ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары, заңдық күші бар нормативтік актілер, ҚР Бас прокурорының, ҚР ішкі істер Министрінің бұйрығы және т.б.). Қылмыстық құқық қағидаларына жасалған қылмысты қылмыстық-құқықтық белсенді мақсатты саралау құралы ретінде назар аударудың маңыздылығын атап өткен дұрыс.

4) Белгілі бір шешімге келе отырып, курсанттар бұл шешімнің біреуге дұрыс сияқты көрінсе, ол қате шешім екендігін есте сақтауы керек. Сондықтан осы тапсырманы шешудің өзге де жолдарын табу керек.

5) Қабылданған шешімді негіздеу керек, жасалған қорытындыны түсіндіру керек, қылмыстық заңның белгілі бір ережелеріне сүйеніп, қажет болған жағдайда – заңдық күші бар актілер немесе өзге де заңдық актілердің нормаларына сүйену керек.

6) Тапсырмада шешім бір жақты шешілмейтін ережелер кездескен жағдайларда, курсанттар жағдаятты тапсырмаларды шешудің барлық мүмкін нұсқаларын қарастырып, негіздеу керек.

Жағдаяттық тапсырмаларды шешу курсанттардың өзіндік дайындық сағаттарында жазбаша түрде арнайы дәптерлерде жасалады. Сабақтарда

оқытушының көрсетуі бойынша дайын шешімі бар баяндама мынадай кесте бойынша даярланады: жасалған қылмыстың заңды тұрғыда маңызды фактілік жағдайлары көрсетілген бастапқы мәліметтер бойынша қысқаша мазмұны, әрекетті негіздеп саралаудың талдауы: шешілуі тиіс сұрақ (проблеманың мәні), жағдаяттық тапсырма сұрақтарына жан-жақты дәлелді жауап.

Қылмыстық құқық бойынша курстық жұмыс жазуға әдістемелік нұсқау.

«Қазақстан Республикасындағы қылмыстық құқық» курсы ҚР ІІМ оқу орындарының тыңдаушыларын оқытудағы ең бір кәсіби маңызды пәндердің бірі болып табылады ҚР қылмыстық құқығын тереңінен зерттеп, білу ҚР ІІМ қызметкерлері мен басқа да құқық қорғау органдары, ең алдымен тергеу және жедел аппарат қызметкерлерінің кәсіби әрекетінің табысты болуы үшін қажет.

«ҚР қылмыстық құқық» курсын үйрену әрбір сырттай оқыту факультетінің таңдаушысы үшін жұмыс бағдарламасымен танысудан басталу қажет. Курстың кейбір тақырыптарын өзбетімен зерттеуде қиындықтар туа қалған жағдайда, ол жайлы қылмыстық құқық және криминология кафедрасынан кеңес салуға болады. Осы курсты игеру тұсында курсант үшін бағдарламада белгіленген бірде-бір тақырып назардан тыс қалмауы керек.

Курсты оқу кезінде дайындық негізіне ҚР-ның Конституциясы мен біздің қоғамымыздағы түбегейлі мәселелер бойынша қабылданған заң шығарушы үкімет органдарының шешімдері жатады. «ҚР қылмыстық құқығы» ғылымының теориялық негізін тереңінен меңгеру оқу материалының оқулық және монографиялық әдебиеттерінде берілген білімді мықтап білу дегенде саяды (әдебиеттер тізімі қараңыз).

Осында ҚР қылмыстық заңдылықтары мен жоғарғы сот алқасының (инстанциясының) басқарушылық түсіндірмелерін білу міндеті болып табылады. Сондай-ақ, курсанттарға мерзімді баспасөзді назардан тыс қалдырмау кеңес етіледі. Мерзімді баспасөз ішінде КОФ курсанттары үшін қылмыстық құқықтың жеке мәселелері бойынша жазылған пайдалы кеңестер, күші бар заңдарға түсінік беріп, оларды тәжірибеде қолдану жолдарын жазатын арнайы заң жөніндегі журналдар мен газетер ерекше орын алуы керек.

Курсанттар «ҚР қылмыстық құқығы» курсын үйренуде теңдесі жоқ пайда әкелетін сот-тергеу тәжірибесін зерттеулері де керек.

Сабақтағы сапалы және терең дайындық курсанттардың дәрістер мен өзбетімен дайындық барысында белсенді жұмыс істеуімен анықталады. Дәрістерде жасалған конспектілер оның білімінің көрінісі іспеттес. Ерекше назарды лектордың ҚР қылмыстық заңдылықтарының новеллаларына жасаған түсініктемесіне аударған жөн.

Әрі қарай дәрістер мен өзбетімен дайындық нәтижесінде алынған теориялық білімдер семинар мен практикалық сабақтарда бекітілді және тереңдетіле түседі. Олардың мақсаты теориялық материалды ауызша мазмұндап, алдай білу іскерлігі мен дағдысына үйрету, қылмыстық-

құқықтық нормаларды тәжірибеде қолдануға, өз көзқарасын жеткізе білуге жаттықтыру болып табылады. Сабақтарға дайындық кезінде жауаптардың қысқа конспектілері немесе тезистерін алдын-ала дайындау дұрыс болады. «ҚР қылмыстық құқық» курсының барлық сабақтарына курсанттар ҚР 2014 жылғы 3-шілдедегі қылмыстық кодексін қолдана білуі керек.

Бақылау жұмысының нөмірі қылмыстық құқық және криминология кафедрасында анықталып, тиісті журналда тіркеледі. Жұмыс көлемі – оқушы дәптерінің – 18-20 беті. Беттер нөмерленіп, жиегінде 2-3 см. Қалдыру керек. Жұмыс соңында қолданылған әдебиеттер тізімі толық атауымен шағырылған айы мен жылы көрсетіліп жазылуы керек, соңында қолы қойылады.

3.12. Өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Қылмыстық құқық пәніне кіреді:

- А) қылмыстық жазаларды орындау процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар;
- В) мемлекеттік басқару саласындағы қоғамдық қатынастар;
- С) қылмыстарды тергейтін органдар қызметінің тәртібі мен нысанын реттейтін қоғамдық қатынастар;
- Д) қылмыстық жазалаумен қорқыту арқылы адамды қылмыс жасаудан ұстаумен байланысты қоғамдық қатынастар;
- Е) сотталғандарға түзеу ықпал ететін шараларды қолдану процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар.

2. Көрсетілген принциптердің қайсысы қылмыстық құқықтың арнайы (салалық) принципі болып табылады:

- А) демократизм принципі;
- В) гуманизм принципі;
- С) азаматтың заң алдында теңдік принципі;
- Д) кінәлі жауаптылық принципі;
- Е) заңдылық принципі.

3. Қылмыстық заңның міндеттерінің жүйесіне кірмейді:

- А) қорғау міндеті;
- В) жалпы ескерту міндеті;
- С) тәрбиелеу міндеті;
- Д) тән азабын шектіру міндеті;
- Е) жеке ескерту міндеті.

4. Қандай түсіндіру (талқылау) құқықтық норманың мағынасын басқа нормалармен оның байланысын анықтау жолымен ұғындыруды болжайды:

- А) ғылыми;
- В) тарихи;
- С) жүйелік;
- Д) грамматикалық;
- Е) легальды.

5. Қандай заңның кері күші бар:

- А) негізгі жазаның өзгермеуінде қосымша жазаны алып тастаушы заң;
- В) негізгі жазаның өзгермеуінде қосымша жазаны көздейтін заң;
- С) қосымша жазаға негізгі жаза сипатын беретін заң;
- Д) анағұрлым ауырырақ балама жаза белгілейтін заң;
- Е) соттылықты жою және алып тастау мерзімдерін ұлғайтушы заң.

6. Қылмыс жасау уақыты деп танылады:

- А) қоғамға қауіпті зардаптардың келіген уақыты;
- В) қоғамға қауіпті іс әрекетті жүзеге асыру уақыты;
- С) қоғамға қауіпті қолсұғушылыққа дайындық іс әрекеттерін жүзеге асыру уақыты;
- Д) қылмыстық заңмен қорғалатын мүддеге аяқталмаған оқталуды жүзеге асыру уақыты;
- Е) қылмыстық заңмен қорғалатын объектіге аяқталған оқталуды жүзеге асыру уақыты.

7. Көрсетілген белгілердің қайсысы қылмыстың формальды белгісі болып табылады:

- А) қоғамға қауіптілік;
- В) құқыққа қайшылық;
- С) кінәлілік;
- Д) жазаланушылық;
- Е) моральға жатшылық.

8. Қылмыстық әрекеттің қоғамға қауіптілік белгілерінің мазмұны қандай:

- А) қылмыс қылмыстық заңмен белгіленген тыйым салуды бұзады;
- В) қылмыстық заңмен қорғалатын объектіге зиян келтіреді немесе зиян келтіру қаупін туғызады;
- С) қылмыс оны жасағаны үшін тиісті жазаны міндетті түрде белгіледі болжайды;
- Д) қылмыс мораль нормаларын бұзады;
- Е) қылмыс адамның әрекетке және зардаптарға тиісті психикалық қатынасының бар болуында жасалады.

9. Қандай көрсеткіштердің көмегімен қылмыс санаттарын бөлу жүзеге асырылады:

- А) қоғамға қауіпті зардаптың сипаты;
- В) келтірілген зиянның мөлшері;
- С) жаза мерзімдері;
- Д) қылмыстылық жауаптылық пен жазаны аурлататын мән-жайлардың болуы;
- Е) кінәнің нысаны және заңмен белгіленген санкция шектері.

10. Қылмысты жасағаны үшін ең жоғары бас бостандығынан айыру жазасы бес жылдан аспайтын абайсыздықта жасалған әрекет қылмыстар санатының қайсысына жатады:

- А) онша ауыр емес қылмыстарға;
- В) орташа ауырлықтағы қылмыстарға;
- С) ауырлығы аз қылмысқа;
- Д) қоғамға үлкен қауіптілік келтірмейтін қылмысқа;
- Е) елеулі емес қылмысқа.

11. Қылмысты жасағаны үшін Қылмыстық кодекспен көзделген ең жоғарғы бас бостандығынан айыру жазасы 5 жылдан аспайтын қасақана қылмыстар санаттарының қайсысына жатады:

- А) үлкен қоғамға қауіптілік білдірмейтін қылмыстарға;
- В) онша ауыр емес қылмыстарға;
- С) орташа ауырлықтағы қылмыстарға;
- Д) ауырлығы аз қылмыстарға;
- Е) ауыр қылмыстарға.

12. Қылмысты жасағаны үшін ҚК көздеген ең жоғарғы бас бостандығынан айыру жазасы 12 жылдан аспайтын қасақана әрекет қылмыстар санатының қайсысына жатады:

- А) онша ауыр емес қылмыстарға;
- В) орташа ауырлықтағы қылмыстарға;
- С) ауыр қылмыстарға;
- Д) аса ауыр қылмыстарға;
- Е) аса қауіпті қылмыстарға.

13. Қылмысты жасағаны үшін өлім жазасы түріндегі жаза көзделген қасақана әрекет қылмыстар санатының қайсысына жатады:

- А) онша ауыр емес қылмыстарға;
- В) орташа ауырлықтағы қылмыстарға;
- С) ауыр қылмыстарға;
- Д) аса ауыр қылмыстарға;
- Е) аса қауіпті қылмыстарға.

14. Әрекеттің елеулі маңыздылығы болмай деп:

- А) қасақана ойдың кез келген зиян келтіруге бағытталуында елеулі емес зиян келтіруімен;
- В) елеулігі аз зиян келтірумен және өз еркімен оның орнын толтырумен;
- С) қасақана ойдың үлкен зиян келтіруге бағытталуында елеулі емес зиян келтіруімен;
- Д) кінәлінің еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша зиянның жоқ болуы;
- Е) елеулі емес зиян келтірумен және қасақана ойдың осындай зиянға бағытталуында.

15. Қылмыстық жауаптылықтың негізі не болып табылады:

- А) кінә;
- В) тұлғаның жеке бас қасиеттері;
- С) қылмыс құрамы бар әрекет;
- Д) әрекетпен келтірілген қоғамға қауіпті зардаптар;
- Е) әрекеттің объективті белгілері.

16. Қылмыстық жауаптылықты іске асыру қай сәттен басталады:

- А) ұстау туралы қаулы шығарған сәттен;
- В) айыптау қорытындысын бекітке сәттен;
- С) сотпен үкім шығарған сәттен;
- Д) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енген сәттен;
- Е) айып таққан сәттен.

17. Қылмыстық жауаптылық қай сәттен аяқталады:

- А) жазаның өтелмеген бөлігі жеңілірек жаза түрімен ауыстырылған сәттен;
- В) тағайындалған жазаны өтеген сәттен;
- С) жазадан шартты түрде босатылған сәттен;
- Д) соттылығы өтелген немесе алынып тасталған сәттен;
- Е) жазадан ауруға шалдығуына байланысты босатылған сәттен.

18. Қандай қылмыстың құрамында қылмыстың объективтік жағын әрекетің жасалған сәттен бастап қылмыс аяқталған деп танылады:

- А) формальді қылмыс құрамы;
- В) негізгі қылмыс құрамы;
- С) жәй қылмыс құрамы;
- Д) материалды қылмыс құрамы;
- Е) жеңілдетілген қылмыс құрамы.

19. Қылмыстың аяқталу кезеңі қылмыстың бастапқы сатысына аусқан құрам:

- А) формальді қылмыс құрамы;
- В) негізгі қылмыс құрамы;
- С) келте қылмыс құрамы;
- Д) материалды қылмыс құрамы;
- Е) жеңілдететін құрамы.

20. Қандай қылмыс объектісі ҚК Ерекше бөлімін құрастыру негізіне қойылған:

- А) жалпы объект;
- В) топтық объект;
- С) түрлік объект;
- Д) негізгі тікелей объект;
- Е) қосымша тікелей объект.

21. Формальді қылмыс құрамдарында объективті жақтың қай белгісі міндетті болып танылады:

- А) қоғамға қауіпті әрекет;
- В) қоғамға қауіпті зардап;
- С) әрекет пен зардап арасындағы себептік байланыс;
- Д) қоғамға қауіпті әрекетті жасау уақыты;
- Е) қылмыс жасау орны.

22. Материалды қылмыс құрамдарында объективті жақтың қай белгісі міндетті болып танылмайды:

- А) қоғамға қауіпті әрекет;
- В) қоғамға қауіпті зардап;
- С) әрекет пен зардап арасындағы себептік байланыс;
- Д) қоғамға қауіпті әрекетті жасау уақыты;
- Е) барлық көрсетілген белгілер.

23. Қылмыс субъектісінің көрсетілген белгілерінің қайсысы субъектінің арнаулы белгілеріне жатады:

- А) қылмыстық заңмен белгіленген жасқа жету;
- В) есі дұрыстық;
- С) жеке тұлға;
- Д) лауазымды тұлға;

Е) есі дұрыс еместік.

24. Адамның есі дұрыс еместігі екі белгімен (критерийлерімен) сипатталады. Көрсетілген белгілердің қайсы есі дұрыс еместіктің критеріі болып танылмайды:

- А) заңдық;
- В) медициналық;
- С) физиологиялық;
- Д) психологиялық;
- Е) қылмыстық құқықтық.

25. Қылмыстың субъективті жағының міндетті белгісі болып танылады:

- А) кінә;
- В) себеп (ниет);
- С) мақсат;
- Д) эмоционалдық күйі;
- Е) пиғыл.

26. Кінәнің нысанын көрсетіңіз:

- А) тікелей қасақаналық;
- В) абайсыздық;
- С) жанама қасақаналық;
- Д) балама қасақаналық;
- Е) аффектелген қасақаналық.

27. Адам өз іс әрекетінің қоғамға қауіпті екендігін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы нақты мүмкін екендігін алдын ала білсе осы зардаптың болуын тілемесе де бірақ олардың келуіне саналы түрде жол береді:

- А) тікелей қасақаналық;
- В) жанама қасақаналық;
- С) немқұрайдылық;
- Д) менмендік;
- Е) анықталмаған қасақаналық.

28. Адам қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз әрекетін қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе:

- А) тікелей қасақаналық;
- В) жанама қасақаналық;
- С) менмендік;
- Д) немқұрайдылық;
- Е) аффектіленген қасақаналық.

29. Кінәлінің заңға қайшы (заңға сыйымды емес) іс-әрекеттерімен

туындаған қатты жан күйзелісінде пайда болады:

- А) алдын ала ойластырылған қасақаналық;
- В) табан астында пайда болған қасақаналық;
- С) аффектіленген қасақаналық;
- Д) балама қасақаналық;
- Е) нақтыланған қасақаналық.

30. Адамның, жасалған әрекеті одан туындайтын зардаптарының қылмыстық-құқықтық салдары туралы қате болжауы:

- А) заңдық қате;
- В) шын мәніндегі (іс жүзіндегі) қате;
- С) жарамсыз қылмыс;
- Д) объектідегі қате;
- Е) салдарындағы қате.

31. Адамның жасалған әрекеттің шын мәніндегі мән-жайына қатысты қате болжауы:

- А) заңдық қате;
- В) шын мәніндегі қате;
- С) құқыққа қарсылығындағы қате,
- Д) жалған қылмыс;
- Е) жазаланушылығындағы қате.

32. Қылмыскердің, онымен жасалған қылмысына психикалық қатынасын сипаттайтын белгілер:

- А) субъектінің жасы, есі дұрыстығы;
- В) кінә, себеп, мақсат;
- С) қылмыс заты;
- Д) қылмыс объектісі;
- Е) қоғамға қауіпті әрекет, қоғамға қауіпті зардаптар, себепті байланыс.

33. Тікелей қасақаналықтың еріктілік кезеңі немен сипатталады:

- А) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуін тілеумен;
- В) қоғамдық қауіпті зардаптарға немқұрайдылықпен қарауынан;
- С) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуіне саналы түрде жол берумен;
- Д) қоғамға қауіпті зардаптарды жеңілтектікпен болғызбаймын деп есептеумен;
- Е) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуін алдын ала болжауға міндет пен мүмкіндіктің бар болуымен.

34. Менмендіктің еріктілік кезеңі немен сипатталады:

- А) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуін тілеумен;
- В) қоғамдық қауіпті зардаптарға немқұрайдылықпен қарауынан;
- С) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуіне саналы түрде жол берумен;
- Д) қоғамға қауіпті зардаптарды жеңілтектікпен болғызбаймын деп сенуі;
- Е) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуін алдын ала болжауға міндет пен мүмкіндіктің бар болуымен.

35. Немқұрайдылықтың еріктілік кезеңі немен сипатталады:

- А) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуін тілеумен;
- В) қоғамдық қауіпті зардаптарға немқұрайдылықпен қарауынан;
- С) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуіне саналы түрде жол берумен;
- Д) қоғамға қауіпті зардаптарды жеңілтектікпен болғызбаймын деп сенуі;
- Е) қоғамдық қауіпті зардаптардың келуін алдын ала болжауға міндетті болып мүмкіндіктің бар болуымен.

36. Қандай қылмыс күрделі біртектес қылмыстарға жатпайды:

- А) балама;
- В) бірнеше ретті;
- С) жалғаспалы;
- Д) созылмалы;
- Е) күрделі.

37. Ортақ мақсатқа бағытталған және өз жиынтығында бір қылмысты құрайтын бірқатар реттермен жасалынатын ұқсас қылмыстық іс-әрекеттерден қалыптасатын қылмыс:

- А) құрамдас қылмыс;
- В) жалғаспалы қылмыс;
- С) созылмалы қылмыс;
- Д) балама іс-әрекетті қылмыс;
- Е) күрделі қылмыс.

38. Заңда белгіленген жазамен қорқыту арқылы кінәліге жүктелген міндеттерді әрі қарай ұзақ орындамаумен ұштасқан іс-әрекет немесе әрекетсіздік:

- А) құрамдас қылмыс;
- В) жалғаспалы қылмыс;
- С) созылмалы қылмыс;

Д) балама іс-әрекетті қылмыс;

Е) күрделі қылмыс.

39. Адамның ҚК-н Ерекше бөлімінің белгілі бір бабында немесе бабының бөлігінде көзделген екі немесе одан да көп әрекеттерді жасауында көптіліктің қай нысаны орын алады:

А) бірнеше мәртелік;

В) идеалды жиынтық;

С) нақты жиынтық;

Д) қарапайым қайталану;

Е) қауіпті қайталану.

40. ҚК-н Ерекше бөлімінің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде біреуі үшін сотталмаған екі немесе одан да көп әрекеттерді жасағанда көптіліктің қай нысаны орын алады:

А) бірнеше мәртелік;

В) жиынтық;

С) қарапайым қайталану;

Д) қауіпті қайталану;

Е) аса қауіпті қайталану.

41. Бұрын қасақана жасалған қылмысы үшін соттылығы бар адамның қасақана қылмыс жасаған жағдайында көптіліктің қай нысаны орын алады:

А) бірнеше мәртелік;

В) идеалды жиынтық;

С) нақты жиынтық;

Д) қайталану;

Е) қайталанушылық.

42. Қасақана қылмыстың төменде тізілген кезеңдерінің қайсысы қылмыс жасау сатыларына жатпайды:

А) қасақана ой табу;

В) қылмысқа дайындық;

С) аяқталмаған қылмыс;

Д) аяқталған оқталу;

Е) аяқталған қылмыс.

43. Қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, дайындау немесе бейімдеп жасау қасақана қылмыс жасаудың қай сатысына жатады:

А) қасақана ой табу;

В) қылмысқа дайындық;

С) аяқталмаған қылмыс;

Д) аяқталған оқталу;

Е) аяқталған қылмыс.

44. Қандай қылмысқа дайындалғаны үшін қылмыстық жауаптылық басталады:

А) кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысқа;

В) орташа ауырлықтағы немесе ауыр қылмысқа;

С) ауыр немесе аса ауыр қылмысқа;

Д) кішігірім, орташа ауырлықтағы немесе ауыр қылмысқа;

Е) орташа ауырлықтағы, ауыр немесе аса ауыр қылмысқа.

45. Қандай қылмысқа оқталғандығы үшін қылмыстық жауаптылық басталады:

А) кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысқа;

В) ауыр немесе аса ауырға;

С) кішігірім, орташа ауырлықтағы немесе ауыр қылмысқа;

Д) орташа ауырлықтағы немесе ауыр қылмысқа;

Е) орташа ауырлықтағы, ауыр, немесе аса ауыр қылмысқа.

46. Нақты қылмыс құрамының объективті жағына кіретін іс-әрекеттерді орындайтын адам қылмысқа қатысушылардың қайсысы болып танылады:

А) орындаушы;

В) ұйымдастырушы;

С) айдап салушы;

Д) физикалық көмектесудегі көмектесуші;

Е) интеллектуалдық көмектесудегі көмектесуші.

47. Жастығына, есі дұрыс еместігіне және ҚК-пен көрсетілген басқа жағдайларға байланысты қылмыстық жауаптылыққа тартуға жатпайтын адамдарды пайдалану арқылы қылмыс жасайтын адам қатысушылардың қайсысы деп танылады:

А) орындаушы;

В) ұйымдастырушы;

С) айдап салушы;

Д) физикалық көмектесудегі көмектесуші;

Е) интеллектуалдық көмектесудегі көмектесуші.

48. Қылмыс жасау қаруларын немесе құралдарын берумен қылмыс жасауға жәрдемдескен адам қатысушылардың қайсысы деп танылады:

- A) орындаушы;
- B) ұйымдастырушы;
- C) айдап салушы;
- D) физикалық көмектесудегі көмектесуші;
- E) интеллектуалдық көмектесудегі көмектесуші.

49. Кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат берумен қылмыс жасауға жәрдемдескен адам қатысушылардың қайсысы деп танылады:

- A) орындаушы;
- B) ұйымдастырушы;
- C) айдап салушы;
- D) физикалық көмектесудегі көмектесуші;
- E) интеллектуалдық көмектесудегі көмектесуші.

50. Бірлесіп қылмыс жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қылмысқа қатысса, ол келесідей жасалған деп танылады:

- A) алдын ала сөз байласпаған адамдар тобымен;
- B) алдын ала сөз байласқан адамдар тобы;
- C) ұйымдасқан топпен;
- D) қылмыстық қауымдастықпен;
- E) қылмыстық ұйыммен.

Курсанттардың білімдерін бағалау өлшемдері

Курсанттар барлық дәрістік сабақтардан қалмауға міндетті. Сабақты белгілі себептермен (наряд, іс сапар, шаруашылық жұмыстар, ауру) босатқан кезде курсант сабаққа шыққан күннен 5 жұмыс күн ішінде игеріледі.

Сабақты белгісіз себептермен босатқан курсант ол күндерді 2 жұмыс күні ішінде игеруге тиіс. Сабақ аяқталған соң тақырып бойынша сұрақтарды талқылауға қатыспаған және тапсырманы орындамаған курсанттарға 0,1 ұпай қойылады.

Босатылған сабақты игеру сабақ беретін оқытушы, ол болмаса кезекші оқытушы немесе кафедра бастығы тарапынан қабылданады.

Семинарлық (практикалық) немесе ТООЖ сабақтарын игеру босатылған тақырып бойынша жазбаша түрде (реферат, доклад, эссе және т.б.) тапсыру түрінде орындалады.

Курсантқа игерілген сабақ бойынша 1 ұпайдан жоғары баға қойылмайды. Егер де курсант белгісіз себеппен босатқан немесе сабақта жақсы баға алмау себебімен игеруге келсе оған 0,8 ұпайдан артық баға қойылмайды.

Игеру мерзімі созылып кетсе максималды ұпай әр бір сабақ үшін 0,5 ұпайға дейін төмендейді. Дәрістік сабақ игерілмейді.

Әр сабақ бойынша тақырыпты қайталау және өткен материалдарды игеру міндетті.

Материалды игеру дәрежесін анықтау үшін түрлі жұмыстар беріледі: тестілеу, жазбаша жұмыстар, ауызша сұрау, презентация, дебаттар, дискуссия және т.б.

Сабақ кезінде тестілеу ескертусіз жүргізілуі мүмкін.

ТӨЖ, офистік сағаттар мен ТООЖ шығарылған тапсырмаларды орындамаған курсанттар емтиханға жіберілмейді.

Дәріс сабақтары бойынша:

Сабаққа қатысу – 0 ұпай

Семинар, тәжірибелік, КООЖ бойынша:

Тапсырмаларды орындау, сабақтардағы жұмыс – 1 сағат үшін 1 ұпай

КӨЖ орындауы: 1 тапсырма – 0,5 ұпай

Межелік бақылау (бірінші межелік бақылау) кестеге сәйкес өтеді. Курсант егер межелік бақылаудан **20 ұпай** алса, аттестацияланды деп саналады. Рубежді бақылаудан аттестацияланбаған курсанттар қарызын семестр бойы жазба жұмысы арқылы және т.б. жіберген сабақты игеруге құқығы бар.

Емтиханға жіберілу (екінші межелік бақылау) семестрде кестеге сәйкес өтіп, курсант пән бойынша 30 ұпайдан кем емес ұпай алған жағдайда өтеді. Ағымдық аттестацияға жіберілмеген курсанттар қарызын емтихандық сессияның соңына дейін өтеуге құқылы.

МҰ – максималды ұпай – курсанттың ағымдық бақылау кезінде алған ұпайлары мен емтиханда алған ұпайлары **100** ұпайды құрауы керек.

Ағымдық бақылау - 60 ұпай және емтиханға – 40 ұпай.

Курсанттың пән бойынша қорытынды бағасы сынақ кітапшасына төмендегідей сызба бойынша дәстүрлі және әріптік жүйе бойынша қойылады:

Пән бойынша ұпайлар	Әріптік жүйе бойынша қойылатын бағалар	Дәстүрлі жүйе бойынша ойылатын бағалар
95-100	A	Өте жақсы
90-94	A-	
85-89	B-	Жақсы
80-84	B	
75-79	B-	
70-74	C-	Қанағаттанарлық
65-69	C	
60-64	C-	
55-59	D-	
50-54	D	
0-49	F	Қанағаттанарлықсыз

3.13. Пән бойынша емтихан сұрақтары

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасы. Қылмыстық заңнаманың уақыттағы, кеңістіктегі және адамдар арасындағы әрекеті. Қылмыстық заңнаманы сот-тергеу тәжірибесінде қолдану. Бұл сұрақтың ҚР «Мемлекеттік шекарасы туралы» 2013 жылғы 16 қаңтардағы 70-V ҚРЗ; ҚР «О азаматтығы» от 20.12.91ж. заңындағы шешімі.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы аясында қылмыстық саясаттың қалыптасуының басым бағыттары.

3. ҚР қылмыстық құқығының ұғымы, қағидалары және міндеттері. Қылмыстық заңнаманың қалыптасуы мен дамуының теоретикалық және қолданбалы проблемалары.

4. ҚР әрекеттегі қылмыстық заңнамасындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануы, оның сипаттамасы және қылмыстардың саралануының құқықтық мәні. Қылмыс және қылмыстық теріс қылық.

5. ҚР қылмыстық құқығы бойынша қатысудың ұғымы мен мәні. Қатысу белгілерінің объективтік және субъективтік белгілері. Қатысудың түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтың қатысушыларының қылмыстық жауаптылығының негізі мен белгілері. Бұл сұрақтың Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» қаулысындағы, 21 маусым 2001ж. шешімі.

6. Қылмысқа жанасу, оның нысаны. Қылмыстық құқық бұзушылықтың қатысушыларының қылмысқа жанасудан айырмашылығы. Қатысудың арнайы сұрақтары. Қатысудың құқық қорғау органдары қызметі үшін мәні.

7. Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық заңнамасы бойынша топпен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік. Бұл сұрақтың Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» қаулысындағы, 21 маусым 2001ж. шешімі

8. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығының ұғымы, оның түрлері мен құқықтық салдары. Жиынтықтың қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше мәрте жасалуынан айырмашылығы. Бұл сұрақтың Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қылмыстардың жиынтығы мен бірнеше мәрте жасалуын саралау туралы» қаулысындағы, 25 желтоқсан 2006ж. шешімі

9. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше мәрте жасалуының ұғымы, оның құқықтық салдары. Жиынтықтың қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше мәрте жасалуынан айырмашылығы. Бұл сұрақтың Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қылмыстардың жиынтығы

мен бірнеше мәрте жасалуын саралау туралы» қаулысындағы, 25 желтоқсан 2006ж. шешімі

10.Қылмыстардың қайталануының ұғымы, оның түрлері, құқықтық салдары. Бұл сұрақтың Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қылмыстардың жиынтығы мен бірнеше мәрте жасалуын саралау туралы» қаулысындағы, 25 желтоқсан 2006ж.; Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қылмыстардың қайталануы жөніндегі заңнаманы соттардың қолдануы туралы» қаулысындағы, 25 желтоқсан 2007 ж.; Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қылмыстық жазаны тағайындау кезінде соттардың заңдылықты сақтауы туралы» қаулысындағы, 30 сәуір 1999ж.; шешімі.

11.Қажетті қорғану және оның құқыққа сай шарттары. Бұл сұрақтың Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қажетті қорғану заңнамасын қолдану туралы» қаулысындағы, 11 мамыр 2007ж. шешімі Қажетті қорғану шегінен шығушылық. Жалған қорғану. Қажетті қорғану шегінен шығу кезінде қылмыстық жауаптылықтан босату.

12.Аса қажеттілік және оның құқыққа сай шарттары. Бұл мән жайдың қажетті қорғанудан, қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіруден айырмашылығы.

13.Жедел іздестіру қызметін жүзеге асыру, немесе жасырын тергеу әрекетін жүзеге асыру. Оның құқыққа сай шарттары. Бұл мән жайдың қажетті қорғанудан, қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіруден айырмашылығы.

14.Қылмыстық жазаның ұғымы мен мазмұны. Жазаның мақсаттары. Қылмыстық заңнама тарихындағы және қолданыстағы ҚР қылмыстық кодексі бойынша жазаның жүйесі. ҚР Қылмыстық заңнамасы бойынша жаза түрлері. Сот пен құқыққорғау органдарының жазаны іске асырудағы рөлі. ҚР Жоғарғы Соты Пленумының «Соттардың жаза тағайындау кезінде заңдылықты сақтауы туралы» қаулысы, 30 сәуір 1999 ж. /25.12.2007ж. өзг./. ҚР ЖС Бюллетені, 1999 № 4. және ҚР ЖС «Бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» нормативті қаулысы, 19 қазан 2001 жыл. ҚР ЖС Бюллетені, 2001 № 10.

15.Қылмыстық жауаптылықтан босатудың негізі және тәртібі. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың түрлері. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың қылмыстық құқықтық салдары Бұл сұрақтың шешімі ҚР ЖС «ҚК 67-ші бабын қолдану жөніндегі сот тәжірбиесі туралы» нормативтік қаулысы, 21-ші маусым 2001 жыл (11.07.2003ж. өзг.). ҚР ЖС Бюллетені, 2001 № 6.Жазадан босатудың ұғымы.

16.Жазадан босатудың негізі, түрлері және бұл институттың әлеуметтік-құқықтық мәні. Бұл сұрақтың шешімі ҚР ЖС «Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату және жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру туралы» нормативтік қаулысы, 15.12.2007 ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2007 № 12. және ҚР ЖС «Ауруға шалдығуына байланысты жазаны одан әрі өтеуден босату туралы» №7 нормативтік қаулысы, 11.04.2002ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2002 № 4.

17. Он сегіз жасқа дейінгі қылмыс жасаған адамдардың қылмыстық жауаптылығының жалпы сұрақтары. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының әлеуметтік мінездемесі. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазалардың ерекшеліктері.

18. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздері. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту және тоқтату.

19. Қасақана қылмыс жасау сатылары. Қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту және оның белгілері. Шынайы өкінудің өз еркімен бас тартудан айырмашылығы.

20. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша сыбайлас қатысудың ұғымы мен мәні. Сыбайлас қатысудың объективтік және субъективтік жағы. Сыбайлас қатысушылардың түрлері. Сыбайлас қатысушылардың қылмыстық жауаптылығының негізі мен шегі. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» №2 21.06.2001 ж.

21. Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық заңнамасы бойынша топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауаптылық. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» №2 21.06.2001 ж.

22. Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігінің түрлері мен ұғымы. Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігін басқа да күрделі қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы. Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалуы, жиынтығы және қылмыстық қайталануының құқықтық салдары. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Қылмыстық жаза тағайындау кезінде соттардың заңдылықты сақтау туралы» 30.04.1999 ж., «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» 25.12.2006 ж., «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» 25.12.2007 ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

23. ПО қызметкерлерінің қауіпті салдарының жоққа шығаратын жағдайлардың институтын қолдану тәжірибесі және жеке сұрақтардың жөніндегі ҚР Жоғарғы Сотының түсіндірмесі. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Қажетті қорғану жөніндегі заңдарды қолдану туралы» 11.06.2007 ж.

24. Қылмыстық жаза ұғымы мен мәні. Жаза мақсаты. Қазақстан Республикасының заңнамасының тарихы және қолданыстағы қылмыстық заңнамасы бойынша жаза жүйесі. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнама бойынша жаза түрлері. Жазаны жүзеге асыруда құқық қорғау органдары мен соттардың рөлі. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС

нормативтік қаулысы «Қылмыстық жаза тағайындау кезінде соттардың заңдылықты сақтау туралы» 30.04.1999 ж., «Бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» 19.10.2001ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

25.Қылмыстық жауаптылықтан босату тәртібі мен негізі. Қылмыстық жауаптылықтан бостудың түрлері. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың қылмыстық-құқықтық салдары. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулысы «Қазақстан Республикасы қылмыстық кддексінің 67-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» 21.06.2001ж. (соңғы өзгертулер мен толықтырулар).

26.Қылмыстық жазадан босату ұғымы. Жазадан босатудың негізі, түрлері және осы институттың әлеуметтік-құқықтық мәні. Аталған сұрақтың шешімі ҚР ЖС нормативтік қаулылары «Ауруға шалдығуына байланысты жазаны одан әрі өтеуден босату туралы» 11.04.2002 ж., «Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы» 25.12.2007 ж.

3.14. Құрастырған: Тұрғанов Өмірзақ Асылтайұлы қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті, заң ғылымдарының магистрі, полиция подполковнигі

4. Пән бойынша жазбаша жұмыстардың тақырыбы мен оларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулық

4.1. Рефераттар тақырыбы:

1. Қылмыстық құқық бұзушылықты жіктеу және оның мәні.
2. Қылмыстық құқық курсының жүйесі.
3. Қылмыстық заңның түсінігі және оның мәні. Әрекеттегі қылмыстық заңнама.
4. Қылмыстық құқық бұзушылық: ұғымы, белгілері және әлеуметтік мәні.
5. Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығы бойынша қылмыстық құқық бұзушылық анықтамасы (қылмыстық теріс қылық және қылмыс).
6. Қылмыстың басқа құқық бұзушылықтардан айырмашылығы.
7. Қылмыстық-құқықтық қатынас.
8. Қылмыстық құқықтық қатынастың басталуы, жүзеге асырылуы, қысқартылуы. Қылмыстық жауаптылық және жаза.
9. Қылмыстық жауаптылық түрлері.
10. Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түсінігі және мәні.
11. Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің ұғымы және маңызы.
12. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түрлері.
13. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінен қылмыстық құқық бұзушылық затының айырмашылығы.
14. Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағының ұғымы және маңызы.
15. Объективтік жағының белгілері.
16. Қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағының негізгі белгілері: қоғамға қауіпті әрекет, қоғамға қауіпті зардап, себепті-тергеу байланыс.
17. Қылмыстық құқықта қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің ұғымы және белгілері.
18. Есі дұрыстық қылмыстық жауаптылықтың міндетті шарты ретінде.
19. Шектеулі есі дұрыстық.
20. Кінәнің екі нысаны.
21. Кінәсіз зиян келтіру
22. Зандық және фактілік қате және олардың жауаптылыққа әсері.
23. Қасақана қылмыс жасау сатыларының ұғымы және түрлері. Қылмыс жасау сатылары институтының ҚР ІІО қылмыстық-құқылық қызметіндегі мәні.
24. Қылмысқа дайындалу. Ол үшін қылмыстық жауаптылық негіздері мен шарттары.
25. Қылмыс жасауға оқталу, оның түрлері. Ол үшін қылмыстық

жауаптылық негіздері.

26. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу ұғымы.

27. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу түрлері.

28. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың нысандары.

29. Қылмысқа қатысудың арнайы сұрақтары.

30. Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігінің күрделі, жалғаспалы және созылмалы қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы. Қылмыс көптілігінің ҚҚО қызметіне маңыздылығы.

31. Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше мәрте жасалуының құқықтық зардабы.

32. Қылмыстық құқық бұзушылық жиынтығы түрлері.

33. Қылмыстардың қайталануы, оның түрлері. Қылмыстардың қайталануының құқықтық зардабы.

1. Қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу кезінде зиян келтіру және оның заңды шарттары.

2. Жедел-іздістіру іс шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру және оның заңды шарттары.

4. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу. Бұйрықты немесе өкімді орындау.

34. Қылмыстық құқықтағы жаза тағайындаудың жалпы басталуы.

35. Жауаптылықты ауырлататын және жеңілдететін мән жайлар.

36. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың ұғымы мен негізі.

37. Қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіруі.

38. Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.

39. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан босату.

40. Сотталғандық қылмыстық құқықтың институты ретінде.

41. Сотталғандықты жою және алып тастау.

42. Сотталғандық қылмыстық құқық институты ретінде.

43. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қоланудың негізі мен мақсаты.

44. Құқық қорғау органдары қызметіне сотталғандық қылмыстық құқық институтының маңыздылығы.

4.2. Бақылау жұмыс тақырыптары:

Аталған пән бойынша бақылау жұмыстары көрсетілмеген.

4.3. Курстық жұмыс тақырыптары:

1-тақырып. ҚР Қылмыстық құқығының ұғымы, қағидалары, міндеттері мен жүйесі. ҚР қылмыстық саясаты.

2-тақырып. Қылмыстық заң.

3-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы.

4-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы.

5-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі.

6-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы.

7-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі.

8-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы.

10-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігі.

11-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше мәрте жасалуы.

12-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы.

13-тақырып. Қылмыстың қайталануы.

14-тақырып. Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатылары.

15-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу.

16-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың түрлері.

17-тақырып. Қажетті қорғаныс.

18-тақырып. Аса қажеттілік.

19-тақырып. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру.

20-тақырып. Жедел іздестіру шараларын жүзеге асыру.

21-тақырып. Негізді тәуекел ету.

22-тақырып. Жаза ұғымы мен оның мақсаттары.

23-тақырып. Жаза тағайындау.

24-тақырып. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату.

25-тақырып. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы.

26-тақырып. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.

27-тақырып. Адам өлтіру.

28-тақырып. Жаңа туған баланы анасының өлтіруі.

29-тақырып. Аффект жағдайында жасалған адам өлтіру.

30 -тақырып. Қажетті қорғану шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру.

31-тақырып. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру.

32-тақырып. Денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру.

33-тақырып. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру.

34-тақырып. Қинау.

35-тақырып. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы.

36-тақырып. Зорлау.

37-тақырып. Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері.

- 38-тақырып. Адам ұрлау.
- 39-тақырып. Бас бостандығынан заңсыз айыру.
- 40-тақырып. Адамды саудасы.
- 41-тақырып. Жала жабу.
- 42-тақырып. Қорлау.
- 43-тақырып. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту.
- 44-тақырып. Адамның және азаматтың тең құқықтылығын бұзу.
- 45-тақырып. Тұрғын жайға қол сұғылмаушылықты бұзу.
- 46-тақырып. Сайлау құқығын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі жасау.
- 47-тақырып. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу.
- 48-тақырып. Еңбекті қорғау қағидаларын бұзу.
- 49-тақырып. Мемлекетке опасыздық жасау.
- 50-тақырып. Ұрлық.
- 51-тақырып. Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе талан-таражға салу.
- 52-тақырып. Алаяқтық.
- 53-тақырып. Тонау.
- 54-тақырып. Қарақшылық.
- 55-тақырып. Қорқытып алу.
- 56-тақырып. Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын жымқыру мақсатынсыз құқыққа тыйымсыз иеленіп алу.
- 57-тақырып. Бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру.
- 58-тақырып. Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау, сақтау, алып өту немесе өткізу.
- 59-тақырып. Экономикалық контрабанда.
- 60-тақырып. Терроризм актісі.
- 61-тақырып. Адамды кепілге алу.
- 62-тақырып. Бандитизм.
- 63-тақырып. Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылғыш құрылғыларды заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру.
- 64-тақырып. Қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқыру не қорқытып алу.
- 65-тақырып. Бұзақылық.
- 66-тақырып. Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу.
- 67-тақырып. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу.
- 68-тақырып. Суларды ластау, бітеу және сарқу.
- 69-тақырып. Жерді бүлдіру.

70-тақырып. Су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз алу.

71-тақырып. Заңсыз аңшылық.

72-тақырып. Пара алу.

73-тақырып. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану.

74-тақырып. Пара беру.

75-тақырып. Жалған құжаттарды, мөртаңбаларды, мөрлерді, мөрқағаздарды, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу.

76-тақырып. Өзінше билік ету.

77-тақырып. Көрінеу заңсыз ұстап алу, күзетпен қамауға алу немесе күзетпен ұстау.

78-тақырып. Айғақтар беруге мәжбүрлеу.

79-тақырып. Әскери қызметшілер арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым-қатынасының жарғылық қағидаларын бұзу.

80-тақырып. Қашқындық.

4.4. Курстық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқаулық

Күндізгі оқу факультетінің курсанттары оқу жоспарына сәйкес кафедрамен бекітілген мерзім ішінде Қазақстан Республикасы қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөлімдері бойынша курстық жұмысты орындап, одан кейін қорғауға міндетті.

Орындалған курстық жұмыс заң білімді мамандар дайындауда сапалығын арттыруда ерекше, маңызды түрі болып табылады.

Тақырыппен жұмыс істеу курсанттарда шығармашылық ойлауды, ғылыми әдебиеттермен және басқа да қайнар көздермен жұмыс жүргізу дағдысын қалыптастыруды, білім деңгейін көтеруді, құқық ғылымына қызығушылықты арттырып, икемдейді.

Курстық жұмысты дайындау барысында, оны жазуға мәліметтер жинауда курсанттар қылмыстық құқық пәнін терең танып, қылмыстық заңды тәжірибеде қолданудағы қиыншылықтармен танысады, курсанттар бойында әр түрлі тәжірибеде кездесетін жағдайларда дұрыс жол табу, соған қатысты құқықтық нормаларды, құқықтық акт нормаларын дұрыс қолдана білу, өздерінің шешімдері мен ұсыныстарын сауатты келтіре білуге дағдыланады.

Сонымен қатар, курстық жұмыс курсанттың қылмыстық құқық курсына сай білімін толық және терең көрсете отырып, оның өз бетінше жұмыс істей алатындық деңгейін анықтайды.

Курстық жұмыс тақырыбы қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөлімдері курсының мәселелерінен құралып, жоғары деңгейде күрделілігімен ерекшеленеді де, соған орай арнайы терең зерттеуді қажет етеді. Кафедра нақты тақырыпты ұсына отырып оқу пәніне курс қызығушылығымен қоса тақырыпты қылмыстық құқық теориясымен талдануын да талап етеді.

Курстық жұмыс тақырыбы курсанттың өз қалауымен таңдалып алынады және кафедрада журналға тіркеледі, сонымен қатар бір топта ұқсас тақырып болмау шарт.

Тақырыпты таңдауда қаралатын курстық жұмыстың сұрақтарын түсініп алуы керек. Кафедрамен таңдалған сұрақтарда жоспар үлгісі берілген, әр сұрақ нақты бір тақырып аясында қаралады.

Жүйелік жоспар кіріспеден, тақырыптың мазмұнын ашатын 3-4 сұрақтан, қорытындыдан және қолданылған әдебиеттер мен әдебиеттердің қайнар көздер тізімінен құралады.

Кафедра әр курстық жұмыстың тақырыбына тақырып сұрақтарын ашуға қолданылған міндетті және қосымша әдебиеттер тізімін ұсынады. Осыған байланысты курстық жұмысты бастамас бұрын ұсынылған әдебиеттерді мұқият қарап шыққан дұрыс.

Әдебиеттерді қарау барысында түрлі әдебиеттердегі авторлардың пікірлерін жүйелі қолдануға ерекше назар аударып, қаралған сұрақ бойынша сілтемелердің дұрыс жазылуына, сот-тергеулік тәжірибенің мысалдарының жазылуына, өз көзқарасын дұрыс жаза білуге көңіл бөлу қажет. Осы аталғандардың барлығы курстық жұмыс жазу барысында орындалады.

Курстық жұмысты орындау қаралатын мәселені шешу үшін қажетті деңгейде әдебиеттерді қарағаннан кейін ғана басталады.

Жұмыстың кіріспесі нақты тақырып бойынша жалпы негізде баяндалады. Онда тақырып бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы, мемлекеттік және үкіметтік шешімдер, ғылыми тұрғыдан мәселе бойынша талданған облыстық, республикалық деңгейдегі криминологиялық баға беріліп, тақырыптың өзектілігі және оның теориядағы және тәжірибедегі қолданыс маңыздылығы айтылады.

Курстық жұмыстың басты мағыналық қызметі жұмыстың жоспарында белгіленген негізгі сұрақтарды орындау барысында қаралады. Яғни, осы сұрақтар арқылы тақырыптың ашылуы қаралып, зерттеудің мақсаты шешіледі.

Кафедра орындалған жұмыс мазмұнына келесідей міндетті талаптар қояды:

- ҚР Конституциясын және заң шығару базаларын қолдану;
- Қылмыстық құқық нормасын қолдану бойынша түсінік беретін (ҚР Жоғары Сот Пленумының қаулылары мен ҚР Жоғары Сот нормативтік қаулыларын) қолдану;
- Тақырып бойынша оқуға ұсынылған тізімдегі әдебиеттердің барынша (монографиялар, оқу құралдары, мақалалар және т.б.) көбірек қолдану. Сонымен қатар кафедрамен ұсынылған әдебиеттер тізімі курсанттың қалауы бойынша кеңейтілуі мүмкін;
- Теориялық ақпараттар мен шешімдерді республикалық және жергілікті соттық-тергеулік тәжірибе мысалдарымен негіздеу;
- Нақты қаралған сұрақтар бойынша әдебиеттердегі даулы көзқарастарға курсант өзінің ұстанымдарын құқық қорғау органдары қызметіндегі құқық қолдану және заңшығарушылықты жетілдіруде нақты ұсыныстары мен пікірлерін тиянақты құрып, мазмұндау;
- Қолданылған әдебиеттердің қайнар көздерін сілтемелер арқылы беру.

Жоспарда көрсетілген барлық сұрақтар қойылған талаптарға сай нақты қаралып, ашылуы қажет.

Курсанттың қарастырылған сұрақ аясындағы мәселелерді зерттеуде туындаған қандайда бір ұғымды талдаудағы көзқарасына да үлкен мән беріледі. Курсант тақырыптағы мәселелер бойынша авторлардың көзқарастарымен келісе келе, сонымен қатар, келіспеген жағдайда өзінің қарсы пікірін дәйекті түрде дәлелдемелер келтіруі керек.

Курстық жұмысқа жазылған қорытындыда зерттелген мәселе бойынша қысқаша шешімдер мен ұсыныстар мазмұндалуы шарт.

Курстық жұмыстың соңында қолданылған әдебиеттердің қайнар көздер тізімі беріледі. Тақырыпты таңдау барысында қолданылған әдебиеттердің тізімі қалай құрылатындығына назар аударылады.

Курсанттар курстық жұмысты орындау - өз бетінше орындалатын, шығармашылық еңбек екенін білуі керек. Осыған байланысты жұмыстың басқа біреудің орындауымен немесе көшірмесін мүлдем ұсынуға болмайды.

Жұмыс орындалғанда ұқыпты, әрі түсінікті қолмен, қатесіз және қысқартуларсыз, беттері номерленген, шетінен ашық жер қалдырылған талаптарды міндетті ұстанады.

Курстық жұмыстың бірінші бетінде(сыртында) өзі туралы мәліметтер, демек, аты-жөні, курсы, қабылданған жылы; тақырыптың атауы мен номері, тақырып қай кафедрадан өтетіндігі толық жазылады.

Дайындалған курстық жұмыс белгіленген уақытта кафедраға тексеріп, пікір-сарап жазуға ұсынылады. Кафедра қойған талаптарға сай орындалмаған курстық жұмыстар қорғауға жіберілмейді, орындаған курсантқа қайта орындауға немесе толықтырулар еңгізуге қайтарылады. Жұмысқа қайтадан пікір-сарап жазу ұсынылған ескертулердің орнын толтырғаннан кейін ғана жүргізіледі. Жұмысты қайта орындағанда алғашқы жазылған пікір-сарап міндетті түрде қоса ұсынылады.

Курсанттың курстық жұмысты қорғауы тақырып бойынша қаралған барлық сұрақтарға және тақырып бойынша қосымша сұрақтарға ауызша жауап беруден тұрады. Егер пікір-сарапта сұрақтар бойынша қандайда-бір кемшіліктер болса, аталған кемшіліктер негізінде қосымша сұрақтар қойылады.

Курсанттардың орындаған курстық жұмыстарын кафедраның оқытушыларымен құрылған комиссия қабылдайды.

Белгіленген уақытта тақырып бойынша жазылған курстық жұмысты қорғай алмаған курсанттар қылмыстық құқық пәні бойынша емтихан тапсыруға жіберілмейді.

5. Тәжірибеден өтудің барлық түрлері бойынша әдістемелік нұсқаулық, сонымен қатар олар бойынша есеп беру құжаттарының нысаны, ұсынылатын есептер үлгілері

Қылмыстық құқық (Жалпы бөлігі) пәні бойынша тәжірибеден өту қарастырылмаған.

6. Курсанттардың оқу жетістігін бағалау және бақылау бойынша материалдар (өзіндік бақылау бойынша тест тапсырмалары, жазбаша жұмыс тақырыптары, емтихан сұрақтары)

[B]

Қандай қылмыс санаттарының жиынтығы бойынша түпкілікті жаза жазаның жеңіл түрін ауыр түріне сіңіру жолымен тағайындалады:

- ауырлығы онша емес қылмыстардың жиынтығы бойынша;
- ауырлығы орташа қылмыстардың жиынтығы бойынша;
- ауыр қылмыстардың жиынтығы бойынша;
- ауырлығы онша емес қылмыстардың жиынтығы бойынша;
- ауырлығы орташа және ауыр қылмыстардың жиынтығы бойынша.

∨

[B]

Жазаның қай түрін тағайындаған кезде шартты түрде босату қолданылмайды:

- қоғамдық жұмыстарға тарту;
- бас бостандығынан айыру;
- әскери қызмет бойынша шектеу;
- айыппұл;
- түзеу жұмыстары, бас бостандығынан айыру;

∨

[B]

Бас бостандығынан айырумен байланысты емес үкімдердің жиынтығы бойынша түпкілікті жазаның шектері:

- қарастырылған жаза түрінің мөлшері, түпкілікті жаза мерзімі ең жоғарғы шегінің жартысынан аспау керек;
- қарастырылған жаза түрінің мөлшері, түпкілікті жаза мерзімі ең жоғарғы шегінің төрттен үшінен аспау керек;
- қарастырылған жаза түрінің мөлшері көзделген жазалардың ең жоғарғы шегінен аспау керек;
- қарастырылған жаза түрінің мөлшері, түпкілікті жаза мерзімі ең жоғарғы шегінің үштен екісінен аспау керек;
- түпкілікті жаза мерзімі көзделген жазалардың ең жоғарғы шегінен аспау керек.

∨

[B]

Шартты түрде соттау кезінде жазаның қандай түрлері тағайындалады:

- түзеу жұмыстары, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығынан айыру және тәртіптік әскери бөлімде ұстау;
- түзеу жұмыстары, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығынан шектеу, бас бостандығынан айыру, тәртіптік әскери бөлімде ұстау және қамау;
- бас бостандығынан айыру;
- белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызмет пен айналысу құқығынан айыру, түзеу жұмыстары, әскери қызмет бойынша шектеу, қамау, бас бостандығынан айыру және тәртіптік әскери бөлімде ұстау;
- түзеу жұмыстары, әскери қызмет бойынша шектеу.

∨

[B]

Қандай қылмыс жасағаны үшін тұлға шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатыла алмайды:

- жеке адамға қарсы онша ауыр емес қылмыс ;
- жеке адамға қарсы орташа ауыр қылмыс;
- жеке адамға қарсы ауыр қылмыс;

- жеке адамға қарсы аса ауыр қылмыс;
- жеке адамға қарсы аса ауыр қылмысты санамағанда аса ауыр қылмыстар.

√

[B]

Қандай тұлғаларға ескіру мерзімі қолданылмайды:

- аса қауіпті қайталану жағдайында қылмыс жасаған тұлға;
- сондай-ақ жеке адамға, мемлекеттің конституциялық құрылысы негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы, экономикалық қызмет саласында, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы аса ауыр қылмыстар жасаған адамдарға;
- мемлекеттің конституциялық құрылысына мен қауіпсіздігіне қарсы қылмыс жасаған тұлғаға;
- бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыс жасаған тұлғаға, террористік қылмыстар жасаған адамдарға;
- аса ауыр әскери қылмыс жасаған тұлғаға.

√

[B]

Рақымшылық актісі негізінде орындалмайды:

- ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған адамдарға;
- қылмыстық жазадан босату;
- жеке адамның жауаптылықтан босатылуы;
- жазаны қысқарту немесе оны неғұрлым жеңіл жазаға ауыстыру, ;
- соттылықтың жойылуы.

√

[B]

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың түрлері:

- шын өкінуіне байланысты, қажетті қорғану шегінен асқан кезде, ескіру мерзімінің өтуіне байланысты, рақымшылық немесе кешірім жасау актісіне негізінде, әкімшілік жауаптылыққа тартылуына байланысты;
- қажетті қорғану шегінен асқан кезде, жәбірленушімен татуласуына байланысты, жағдайдың өзгеруіне байланысты, ескіру мерзімінің өтуіне байланысты, рақымшылық немесе кешірім жасау актісіне негізінде, қолға беруге байланысты;
- қажетті қорғану кезде, жәбірленушімен татуласуына байланысты, рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде;
- қажетті қорғану шегінен асқан кезде, ауруға шалдығуына байланысты, жағдайдың өзгеруіне байланысты, ескіру мерзімінің өтуіне байланысты, рақымшылық немесе кешірім жасау актісіне негізінде, әкімшілік жауаптылыққа тартылуына байланысты;
- шын өкінуіне байланысты, жағдайдың өзгеруіне байланысты, ескіру мерзімінің өтуіне байланысты.

√

[B]

Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазаның түрлері:

- айыппұл, белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, қамау, бас бостандығынан айыру;
- белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айыру, қоғамдық жұмыстарға тарту және бас бостандығынан айыру;
- айыппұл, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, қамау, бас бостандығынан айыру;
- айыппұл, белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айыру; қоғамдық жұмыстарға тарту; түзеу жұмыстары, бас бостандығынан шектеу, қамау;
- айыппұл, түзеу жұмыстары және бас бостандығынан шектеу;

√

[A] Аса қажеттіліктің белгілері:

- қауіптің шын болуы; құқықпен қорғалатын мүдделерді қорғау; қылмыстық құқықпен қорғалатын объектілергн зиян келтірудің қажеттілігі; қорғану зиянының көп болуы;
- қауіптің шын болуы; құқықпен қорғалатын мүдделерді қорғау; қылмыстық құқықпен қорғалатын объектілергн зиян келтірудің қажеттілігі; үшіші тұлғамен келетін қорғану зиянының аз болуы; зиян келтірудің абайсызда болуы
- қауіптің болуы, зардаптың келуі, келтірілген зиян бойынша тұлғаға қатысты
- қауіптің нақты, шын төнуі
- қауіптің шын болуы; құқықпен қорғалатын мүдделерді қорғау; қорғану зиянының келген зияннан көп болуы, зиян үшінші тұлғамен келуі, зиянның абайсызда келуі, қорғанудың уақыттылығы

∨

[A]

Негізді тәуекел етудің белгілері:

- мақсаттың әлеуметтік пайдалылығы, қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілуін болғызбау үшін қажетті шараларды қамтамасыз етуі, тәуекелдің мақсаттылығы,
- мақсаттың әлеуметтік пайдалылығы, қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілуін болғызбау үшін қажетті шараларды қамтамасыз етуі,
- мақсаттың әлеуметтік пайдалылығы, қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілуін болғызбау үшін қажетті шараларды қамтамасыз етуі, адамдардың өміріне, экологиялық апатқа, қоғамдық күйзеліске ұштасатын әрекеттердің болмауы
- тәуекелдің аса қажеттілігі, адамдардың өміріне, экологиялық апатқа, қоғамдық күйзеліске ұштасатын әрекеттердің болмауы
- қоғамдық қолсұғушылықтың болуы, оның анық және нақты болуы, заңмен қорғалатын мүдделердің қорғалуы, қолсұғушыға заңға сыйымды зиян келтіру.

∨

[A]

Әрекеттің қылмыстылығын жоятын күштеп немесе психикалық мәжбүрлеудің белгілері:

- қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілуі
- қылмысты жасауға мәжбүр етуі
- күштеп мәжбүрлеу салдарынан өз әрекетін басқара алмауы
- заңмен қорғалмайтын мүдделерге зиян келтіру
- дұрыс жауабы жоқ

∨

[A]

Әрекеттің қылмыстылығын жоятын бұйрықты немесе өкімді орындаудың белгілері:

- жоғары тұрған бастыққа бағынышты болмауы;
- жоғары тұрған бастыққа бағынышты болуы, қылмыстық сипаттың бар екенін білмеуі, орындаушының іс-әрекеті моральдық этикаға сай болуы, әрекетінің заңмен белгіленуі;
- жоғары тұрған бастыққа бағынышты болуы, қылмыстық сипаттың бар екенін білмеуі, бұйрықты орындаушының заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіретінін білуі, қылмысқа сырттай ұқсас болуы, заңмен белгіленуі;
- бұйрықты құзырлы тұлғаның беруі, тиісті үлгіде берілуі, бұйрықты орындаушының қылмыстылыққа әкелетінін білмеуі;
- дұрыс жауабы жоқ;

∨

[A]

Қажетті қорғанудың шегінен асып кетушілік болып саналмайды:

- шектен тыс қорғанушылық;
- қателесіп қорғану;
- қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қорғанудың көрінеу сай келмеуі;

- өз уақытындағы емес қорғану;
- қол сұғу қаруды қолданумен ұштасса.

√

[А]

Көрсетілген белгілер бойынша қажетті қорғануды аса қажеттіліктен айыруға болады:

- құқық қорғаушы мүдделерді қорғау;
- нақты, көзге көрінетін қауіптіліктен қорғану;
- адам әрекеттері орынсыз болып табылады;
- зиян қол сұғушы адамға тікелей келтіріледі;
- келтірілген зиянның қол сұғушы адамға жасалған зияннан төмен, тең, артық болуы.

√

[А]

Төменде көрсетілгендердің қайсысы қылмыстық заңға сәйкес іс-әрекеттің қылмыстылығын болдырмайтын мән-жайларға жатпайды:

- аса қажеттілік;
- күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу;
- орынды тәуекел;
- жәбірленушінің келісімі;
- бұйрықты немесе үкімді орындау.

√

[А]

Көрсетілген шарттардың қайсысы қажетті қорғанудың төніп тұрған қауіпке байланысты міндетті заңдылық шарттарына жатпайды:

- төніп тұрған қауіп қоғамдық қауіпті болуы тиіс;
- төніп тұрған қауіп қылмыс болуы тиіс;
- төніп тұрған қауіп жалған болуы тиіс;
- төніп тұрған қауіп шынайы болуы тиіс;
- төніп тұрған қауіп нақты болуы тиіс.

√

[А]

Төмендегі жағдайлардың қайсысында қылмыс жасады деп сезік туғызатын тұлғаны ұстауға негізі жоқ:

- тұлға қылмыс үстінде немесе тікелей қылмыс жасағаннан кейін ұсталған;
- көргендер немесе жәбірленуші сол адамға тікелей көрсетсе;
- сезіктіде, оның кемінде немесе оның тұратын үйінде қылмыстың нақты іздері табылса;
- сезіктінің тұлғасы анықталған және ол жасырынуға ұмтылмайды;
- тұлға қамаудан немесе бас бостандығынан айыру мекемесінен қашқан кезде.

√

[А]

Қандай мән-жайлар аса қажеттіліктің заңдылық шарттарына жатпайды:

- төнген қауіптің қайнар көзі адамның әрекеті болса;
- құқық қорғау мүдделеріне төнген қауіп;
- құқық қорғау мүдделеріне төнген қауіп басқа құралдармен тойтарылуы мүмкін болса;
- келетін зардап тойтарылған зардаптан аз болса;
- зардап құқық қорғау органдарына қауіп төндірмеген адамға келсе.

√

[А]

Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу белгілері іс әрекеттің қылмыстылығын мән жайлары ретінде тану үшін:

- қылмыстық кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтірген кезде;
- адам қылмыс жасау үшін күштеп мәжбүрлеген жағдайда;

- күштеп мәжбүрлеудің салдарынан адам өзінің іс әрекетіне ие бола алмаса қылмыстық кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтірген жағдайда;
- күштеп мәжбүрлеу адам өзінің іс әрекетіне ие болса қылмыстық кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтірген жағдайда;
- қандайда болсын мәжбүрлеу барысында қылмыстық кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтірген жағдайда.

∨

[A]

Қандай мән-жайлар негізді тәуекел етудің заңдылық шарттарына жатпайды:

- Орынды тәуекел әлеуметтік пайдалы мақсатқа жету үшін жасалса;
- Әлеуметтік пайдалы мақсатқа орынды тәуекелмен байланысты емес әрекетпен жетуге мүмкін болған жағдайда;
- Орынды тәуекелге барған тұлға құқыққорғау мүдделеріне зардаптың келтірілмеуінің барлық шараларын жасаса;
- Тәуекел білімге, шеберлікке негізделіп, жақсы аяқталуының шынайы мүмкіндігі бар;
- Негізді тәуекел ету көптеген адамдарға қауіппен, экологиялық апатпен немесе қоғамдық қақтығыспен байланысты болуы тиіс.

∨

[A]

Қылмыстық іс- әрекетті жоятын мән-жайлардың жалпы ұғымы:

- төнген қауіпті болдырмаған тұлғаның қоғамға жағымды әрекеті;
- қылмыстық заңмен қорғалатын құқықтың көптеген салаларымен реттелген қоғамдық қатынастарға зардап келтірген тұлғаның қоғамға жағымды әрекеті;
- қылмыстық заңмен қорғалатын объектілерге зардап келтірумен қоғамға жағымды әрекеттер жасау;
- тұлғаның қылмысты болдырмайтын әрекеті;
- дұрыс жауап жоқ;

∨

[A]

Жазаның мақсаты болып табылады:

- азаптау;
- әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру;
- сотталғандарды сұқбат жүргізу;
- дене зақымдарын тигізу;
- қайтадан тәрбиелеу.

∨

[A]

Жазаның ұғымы:

- соттың үкімі бойынша қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылатын және бұл адамды азаптау мақсатымен тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ;
- соттың үкімі бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылатын және ол адамды құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе оларды шектеумен байланысты тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы
- жаза дегеніміз жасалған қылмыс үшін кек алу
- жаза дегеніміз жасалған қылмыс үшін азаптау;
- жаза дегеніміз қылмыс жасаған адамды қайта тәрбиелеу.

∨

[A]

Жазаның мақсаты болып табылмайды:

- тән азабын шектіру;
- әлеуметтік әділеттікті қалпына келтіру;
- сотталған адамды түзеу;

- қайтадан тәрбиелеу;
- басқа адамдарды қылмыс жасаудан алдын алу.

√

[A]

Қылмыстық жазаны кім тағайындайды?

- парламент;
- үкімет;
- сот өзінің үкімімен мемлекет атынан
- бас бостандығын айыру мекемелер,
- лауазымды адам.

√

[A]

Қылмыстық жазаның қылмыстық құқықтық зардабы:

- әлеуметтік әділеттікті қалпына келтіру;
- сотталған адамды түзеу;
- сотталған адамды жаңа қылмыстардың жасалуының алдын алу;
- басқа адамдарды қылмыс жасаудан сақтандыру;
- кінәлі адам соттылық атағына ие болады

√

[A]

Жазаның түрлері:

- негізгі, жедел;
- қосымша, жедел емес;
- негізгі және қосымша;
- негізгі, қосымша және негізгі де, қосымша да түрлері ретінде қолданылуы мүмкін жазалар;
- қолданыстаға заңнамада мұндай топтар жоқ.

√

[A]

Жазалаудың негізгі түрі ретінде тағайындалған айыппұлды төлеуден әдейі жалтарған жағдайда ол жазаның мына түрімен ауыстырылады:

- қоғамдық орындарға тарту;
- мүлкін тәркілеу;
- түзеу жұмыстарына тарту, қоғамдық жұмыстарға тарту;
- белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- бас бостандығынан айыру.

√

[A]

Бас бостандығынан шектеу кімге қолданылмайды:

- жүкті әйелдерге;
- 18 жасқа толмаған адамдарға;
- онша ауыр емес қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға;
- ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған үшін әскери қызметшілерге, тұрақты тұратын жері жоқ адамдарға;
- азаматтығы жоқ адамдарға.

√

[A]

Гауптвахтада ұстау кімге қолданылады:

- үкім шығару кезінде 18 жасқа толмаған адамдарға, жүкті әйелдер мен кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге;
- 16 жасқа толмаған адамдарға;
- ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған үшін адамдарға;

- әскери қызметшілерге;
- 65 жасқа толған еркектерге

√

[А]

Жазаның бір түрі ретіндегі гауптвахтада ұстаудың ең жоғарғы мерзімін көрсетіңіз:

- қылмыстық заңнамада көрсетілмеген;
- жағдайға байланысты;
- 90 тәулік;
- 1 жыл;
- 2 жыл.

√

[А]

Бас бостандығынан айырудың ең төменгі мерзімін көрсетіңіз:

- қылмыстық заңнамада көрсетілмеген;
- 3 ай;
- 6 ай;
- 1 жыл;
- жағдайға байланысты.

√

[А]

Абайсызда жасалған қылмыстар үшін бас бостандығынан айырудың ең жоғарғы мерзімін көрсетіңіз:

- қылмыстық заңнамада көрсетілмеген;
- 8 жыл;
- 10 жылдан аспайды;
- 12 жыл;
- жағдайға байланысты.

√

[В]

Жазаның қай түрі тек негізгі жазаға жатады:

- айыппұл;
- белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- гауптвахтада ұстау;
- арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру;
- бас бостандығынан айыру.

√

[А]

Жазаның қай түрі қосымша жазаларға жатады:

- айыппұл;
- мүлікті тәркілеу;
- бас бостандығынан шектеу;
- түзеу жұмыстары;
- гауптвахтада ұстау.

√

[А]

Жаза жүйесінің ұғымы:

- жазалауды болдырмайтын, мемлекеттің қарсы әрекеті ретіндегі мемлекеттік өзге мәжбүрлеу шаралары
- жазалауды және мәжбүрлеу шараларын болдырмайтын, заңда белгіленген тәртіппен орналасқандығы

